# SARYARQA

ЖЕЗҚАЗҒАН 65

10.05.2019

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№17 (8131)



SAIASAT
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АЯСЫ КЕҢЕЮДЕ
2-бет

TAĠZYM
ОТАН ҮШІН ОТ КЕШКЕН
4-бет

QOĠAM
БОТАНИКАЛЫҚ БАҚТЫҢ КҮЙІ КЕТІП ТҰР
5-бет

JANAZYQ
ОРАЗА ТУРАЛЫ ӨЗГЕШЕ ТҰЖЫРЫМ
6-бет


# ТЫНЫШТЫҚ САҚШЫЛАРЫНА – ЛАЙЫҚТЫ ҚҰРМЕТ

**Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 6 мамырда Ақордада әскери және құқық қорғау саласының қызметкерлеріне мемлекеттік наградалар, жоғары әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер тапсырды.**



Мемлекет басшысы мемлекеттік наградалар тапсыру барысында салтанатты шараның Отан қорғаушылар және Жеңіс күні мерекелері қарсаңында өтуінің де мәні зор екенін айтты. Рәсімге қатысушыларды Отан қорғаушылар күнімен және Ұлы Жеңіс мейрамымен құттықтап, әскери қызметшілер мен арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісіне қосқан үлесін ерекше атап өтті.

Қазақстан Президенті қауіпсіздік пен қорғаныс саласының аса маңызды екеніне тоқталды.

– Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында елімізде жоғары санатты, білікті сардарлар мүлде аз болды. Тұңғыш Президентіміз әр сарбазды жігерлендіре отырып, айбынды әскер құрды. Бүгінде біздің Күштік құрылымдарымыз заманауи техника мен технологияны меңгерген. Олар кез келген қауіп-қатерге қарсы соққы бере алатын айбынды әрі мобильді күшке айналды. Жақында ғана өткен «Айбалта-2019» оқу-жаттығуы – соның айқын дәлелі, – деді Қазақстан Президенті.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев адам өмірін өрттен, судан арашалап қалған бейбіт күннің батырларының ерліктері туралы да айтты.

– Сіздердің бейбіт күндегі ерліктеріңіз бен игі істеріңіз өскелең ұрпаққа үлгі болуы тиіс. Сондықтан, бүгін біз мінсіз әскери қызметімен, ерен ерлігімен дараланған азаматтарды марапаттау үшін жиналып отырмыз, – деді Мемлекет басшысы.

Салтанатты шарада Қарулы күштердің, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Мемлекеттік күзет қызметі, ішкі істер министрлігі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Ұлттық бюросының мінсіз қызметімен дараланған қызметкерлеріне І, ІІ дәрежелі «Даңқ», І, ІІ, ІІІ дәрежелі «Айбын» ордендері, «Құрмет» ордені, «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік ерлігі үшін» медальдары табыс етілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев марапатталушыларға мінсіз қызметі үшін алғысын білдіріп, оларға зор денсаулық, отбасыларына береке, жаңа табыстар тіледі.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы жоғары әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер беру рәсіміне қатысты.

– Батыр бабаларымыз аманат етіп қалдырған кең байтақ жерімізді қорғау – бәрімізге ортақ парыз. Сіздер сияқты ержүрек ерлеріміз Отанымыздың тыныштығын күзетіп тұрғанда еліміздің болашағы әрқашан жарқын боларына мен кәміл сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті мемлекетіміздің ішкі және сыртқы саяси жүйесінің берік негізі ретінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесіне Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың әрқашан айрықша мән бергенін атап өтті.

– Егемендікті, Қазақстан Республикасы аумағының тұтастығы мен ұлттық мүддені қорғау – біздің армиямыздың және Күштік құрылымдардың басты бағдары. Бұл стратегиялық маңызды міндеттерді шешу үшін командирлер корпусына – генералдар мен офицерлерге зор жауапкершілік жүктеледі. Әскер мен құқық қорғау органдарындағы ахуал мен әскери дағдының сапасы сіздердің сауатты басшылықтарыңызға байланысты. Сіздердің барлық күш-жігерлеріңіз, білімдеріңіз бен тәжірибелеріңіз Қарулы Күштеріміздің жауынгерлік қабілетін, құқықтық тәртіп пен конституциялық құрылысты қорғау жөніндегі құқық қорғау органдары мен арнаулы қызметтің тиімді жұмысын арттыруға бағытталуы тиіс, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев генералдар мен офицерлерге арнаған сөзінде бұл жоғары шендер мен арнаулы атақтар олардың еңбектерінің лайықты жемісі екенін атап өтті.

– Бұл Сіздердің тек кәсіби және жеке сіңірген еңбектеріңіздің еленуі ғана емес, сондай-ақ, одан да ауқымды міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін жауапкершіліктің жаңа деңгейін білдіреді. Қуатты әрі өркендеген Қазақстанды құру жолында барлық күш-жігерлеріңізді жұмсайтындарыңызға сенімдімін, – деді Мемлекет басшысы.

Рәсім барысында 2-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі шені Ғ.Нұрдәулетовке, М. Ахметжановқа; полиция генерал-лейтенанты арнаулы атағы А.Шпекбаевқа, Е. Тұрғымбаевқа; генерал-лейтенант әскери атағы М.Алтынбаевқа; Мемлекеттік күзет қызметінің генерал-майоры арнаулы атағы Ә.Жүсіповке; ұлттық қауіпсіздік генерал-майоры арнаулы атағы Д.Ерғожинге, Т.Әлімжановқа, М.Ирменовке, А.Төлеуовке, Б.Уәлиниязовқа; сыртқы барлау генерал-майоры арнаулы атағы Б.Найзабековке; 3-санатты жоғары біліктілік сыныбы Қ.Сөнтаевқа; генерал-лейтенант әскери атағы Ә.Халықовқа, генерал-майор әскери атағы М.Аймашевке, А.Ашировке, Ф.Бәденовке, А.Жұмағалиевке, Т.Қайырбековке, Т.Мұратбаевқа, А.Мұстабековке; контр-адмирал әскери атағы С.Бекжановқа; 3-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі шені Қ.Жақыпбаевқа, Б.Жүйріктаевқа, М.Сексембаевқа; полиция генерал-майоры арнаулы атағы Қ.Дәлбековке, А.Дүйсембаевқа берілді.

**Қазақстан Республикасы Президентінің Баспасөз қызметі**

ФЕСТИВАЛЬ

# АРДАГЕРЛЕР ӘН САЛҒАНДА...

**Мысты қалада Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске және Кеңес одағының батыры Нұркен Әбдіровтің туғанына 100 жыл толуына орай «Ардагерлер ән салады» атты соғыс және еңбек ардагерлері хор ұжымдарының XXIX облыстық фестивалі өтті.**

Қарағанды облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттар басқармасы мен Қазақстан Республикасы ардагерлер ұйымының облыстық филиалы, Жезқазған қаласы әкімдігі ұйытқы болған фестиваль «Даңқ» аллеясында бастау алды. Мұнда жиналған қонақтар Отан үшін оққа ұшқан батырларды еске алып, оларға құрмет көрсетті. Облыстың түпкір-түпкірінен келген карттарды қарсы алған қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова, Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Еркебұлан Ағымбаев, қалалық мәслихат хатшысы Советбек Медебаев, ардагерлер ұйымының облыстық филиалы төрағасы Федор Ермаков, қаламыздың мақтанышына айналған «Жезқазған маржандары» хорының мүшесі, тыл ардагері Бақытжан Нұрғалиев сөз алып, фестиваль қатысушыларына сәттілік тіледі. Митингке қатысушылар өмірден озған Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің рухына тағзым етіп, бір минуттық үнсіздікпен еске алды. Одан кейін әскерилер майдан даласында қаза тапқан жауынгерді құрметтеп, аспанға үш дүркін оқ атты. Шарада «Ұлытау жұлдыздары» барабаншылар тобы өнер көрсетті. Сонымен қатар, қаламыздың бишілері би билеп, аспанға ақ шарларды ұшырды.

Мерекелік шара Халықтар достығы мен мәдениет үйінде жалғасын тапты. Өткен жылы Саран қаласынан эстафетаны қабылдап алған мысты қалаға Қарағанды, Жезқазған, Сәтбаев, Балқаш, Саран, Теміртау, Шахтинск қалаларынан, Абай, Бұқар жырау, Ақтоғай, Нұра, Шет аудандарынан 20 хор ұжымы жиналды. Сахна төрінде 55 пен 85 жас аралығындағы 460 әнші өнер көрсетті.

Олардың жасын естігенде таңырқап қаласың. Өйткені, бойындағы қажырлы қайраты мен күш қуатымен жастарға дес бермейді. Әр салада қызмет еткен ата-әжелер, зейнеттік демалысқа шыққанан кейін қарап қалмай, өздеріне пайдалы ермек тапқан. Оларды табыстырған бір ғана дүние – өнер. Бұқар жырау ауданының «Дәурен-ай» ансамблінің мүшесі Бауыржан Нұрахметовтың осы хорға мүше болғанына 21 жыл болған. «Ән айтудан ләззат аламын», – дейді Бауыржан аға. Бесінші сыныптан бастап ән айтатын ол зейнеттік демалысқа шыққанда бірден осы хорға келген. Бүгінде бұл ұжымда 30 мүше бар. Олар фестивальде «Ботақара вальсі», «Моя любимая» әндерін шырқады.

Ақтоғай ауданынан келген «Ардагерлер» ансамблінің мүшелері Марлан Құлымжанов пен Қабдыман Есенбаев та өнерден алыс емес жандар екен.

►►4-бетте









# РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИР БАСТАЛДЫ

**«Ұлытау» спорт кешенінде Дүниежүзілік және республикалық тоғызқұмалақ Федерациясының президенті Әлихан Байменовтің жүлдесіне арналған жасөспірімдер және қыздар арасында тоғызқұмалақтан республикалық турнир басталды.**

Жезқазған қаласы әкімдігінің қолдауымен өтіп жатқан турнирге Қызылорда, Павлодар, Түркістан, Қостанай облыстарынан, Сәтбаев, Тараз, Қарағанды, Жезқазған қалаларынан және Ақтоғай, Бұқар жырау, Ұлытау, Жаңаарқа, Ақтоғай аудандарынан барлығы 75 ойыншы жиналды. Олардың ішінде тоғызқұмалақ ойынынан бір спорт шебері, жиырма спорт шеберлігіне кандидат бар.

Тоғызқұмалақ – елімізде қарқынды дамып келе жатқан ойындардың бірі. Ол адамның логикалық ойлау қабілетін дамытып қана қоймай, зердені, сананы дамытады, жүйелі ойлауға жетелейді. Бір қуантатыны, зияткерлік ойынның маңыздылығы мен пайдасын ұққан жас ойыншылардың қатары жылдан жылға көбейіп келеді. Соңғы жылдары шетелдіктердің де тоғызқұмақ ойынына қызығушылығы артып, бүгінде тек қазақтың ғана емес, барша әлемнің назары ауып отыр. Түрлі деңгейде чемионаттар ұйымдастырылып та жүр. Қазіргі таңда тоғызқұмалақпен тұрақты айналысушылардың саны 200 мыңнан асқан.

Турнирдің ашылу салтанатында мемлекеттік Әнұран шырқалғаннан кейін қала



әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова алғаш болып сөз алды. Ол өз сөзінде дүбірлі жарыстың Әлихан Байменовтың туған өлкесінде болуы мысты шаһар үшін зор мәртебе екенін атап өтті. Құрметті қонақтардың қатарында тоғызқұмалақтан мемлекеттік жаттықтырушы Дастан Қапаев, жарыстың бас төрешісі Ербол Нұрханов болды. Олар өз кезектерінде жас спортшыларға сәттілік тіледі.

7-10 мамыр аралығында болатын жарыста ойын жекелей және командалық болып есептеледі. Төрт күндік тартысты жарыстың қорытындысын газеттің алдағы нөмірінде жариялайтын боламыз.

**Сара ТЕМІРҒАЛИ**

*Суретті түсірген*

**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

SARYARQA-АҚПАРАТ

## ХАЛЫҚҚА ТЕГІН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТКЕН МЕДИЦИНА ҰЙЫМДАРЫНА 305 МЛРД ТЕҢГЕ ТӨЛЕНДІ

**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ жыл басынан бері мемлекеттік тапсырыс бойынша көрсетілген қызметтер үшін 305 млрд теңге төледі. Қаржы кепілдендірілген тегін медициналық көмек пакеті (ТМККК) шеңберінде бөлінді.**



– 2019 жылдың мамырындағы мәліметтер бойынша Қормен келісімшарт бекіткен жеткізуші компанияларға 305 млрд теңге төленді. Бұл жалпы кепілдендірілген медициналық көмек пакеті шеңберінде бекітілген келісімшарт сомасының 35,4 пайызын құрайды, – деді МСҚ басқарма төрағасының орынбасары Ботагөз Жақселекова.

2019 жылы МСҚ кепілдендірілген көмек түрлерін көрсетуге құлшыныс білдірген медицина ұйымдарымен 860 млрд теңгенің келісімшартын бекіткен болатын. Бұл өткен жылы бөлінген қаржыдан 5 процент артық.

– Жұмыс кестеге сай жүріп жатыр. Бөлінген қаражат медицина мекемелерінің операциялық шығындарын өтеуге жеткілікті, – деді Ботагөз Жақселекова.

Биылғы жылы мемлекеттік тапсырысты 1403 медицина ұйымы орындайды. Оның ішінде 701 жекеменшік клиника да бар. Биыл олардың саны 2018 жылмен салыстырғанда 57-ге көбейіп отыр.

Мемлекеттік тапсырысты орындап жатқан жекеменшік медицина ұйымдарының саны жағынан Шымкент, Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары, Қызылорда, Жамбыл және Қарағанды облыстары көш бастап тұр.

Естеріңізге сала кетсек, МСҚ 2018 жылдан бастап ТМККК және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) пакеттерінің қаржылық операторы болып табылады және халыққа көрсетілетін медициналық қызметтерді ҚР Үкіметі бекіткен тәртіп бойынша сатып алады.

## КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРҒА 2% НЕСИЕМЕН ҮЙ БЕРІЛЕ БАСТАДЫ

**Үкімет үйінде өткен баспасөз мәслихатында «Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ басқарма төрайымы Ляззат Ибрагимова қазіргі таңда «Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша 344 отбасы банкке өтінім бергенін, оның ішінде 330 отбасының өтінімі мақұлданғанын, сондай-ақ, бүгін екі отбасы несие шартына қол қоятынын айтты.**

Басқарма төрайымы көпбалалы және аз қамтылған отбасыларды баспанамен қамтуға барынша көмек көрсетіліп жатқанын және несие берудің жеңілдетілген шарттары жасалғанын жеткізді.

– Елбасының «Nur Otan» партиясының XVIII съезінде берген тапсырмалар бойынша «Нұрлы жер» бағдарламасы «Бақытты отбасы» атты жаңа бағытта маусым айынан бастап іске қосылады. Бұл бағдарламаға 4 және одан да көп баласы бар отбасылар және мүмкіндігі шектеулі баласы бар отбасылар қатыса алады. Сондай-ақ, кәмелеттік жасқа толмаған толық емес отбасылар да қатысады. Несие бойынша жаңадан салынған немесе екінші деңгейлі нарықтағы дайын үйлерді сатып алуға болады, – деді ол.

Сонымен қатар, ол «Бақытты отбасы» бағдарламасына бір адамға шаққандағы табысы 42 500 теңгеден аспайтын отбасылар қатыса алатындығын айтты.

– Мәселен, отбасы 6 адамнан тұрса, онда оның жалпы табысы 255 мың теңгеден аспауы қажет. Сондай-ақ, жеңілдетілген несие алу үшін жеке басына және онымен бірге тұратын отбасы мүшелеріне өтінім берген күнде баспанасы болмау керек. Біз наурыз айынан бастап пилотты «Бақытты отбасы» бағдарламасын Алматы қаласынан бастадық. Пилоттық жоба бойынша әкімдікте кезекте тұрған көпбалалы отбасылар жаңадан салынған үйлерден пәтер сатып алуға мүмкіндігі бар. Яғни несиенің жылдық мөлшерлемесі 2%-ды, ал бастапқы жарнасы 10%-ды құрайды, – дейді ол.

Оның айтуынша, қазіргі таңда 344 отбасы банкке өтінім берген және оның ішінде 330 отбасының өтінімі мақұлданған.

– Қазір әкімдік тұрғын үй үшін 44 отбасының есеп шотына 1 млн теңгенің сертификатын, яғни ақшасын енгізді. Сондай-ақ, бүгін екі отбасы несие шартына қол қояды, – деді Ляззат Ибрагимова.

Бұған дейін хабарлағанымыздай, көпбалалы және аз қамтылған отбасыларды үймен қамту жұмыстары жалғасып жатыр. Биыл 6 мың отбасы пәтермен қамтылады.

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕ САЙЛАУ ТУРАЛЫ САУАЛНАМА ЖҮРГІЗГЕНДЕР ЖАЗАЛАНАДЫ

**Алдағы кезектен тыс Президент сайлауына байланысты жеке тұлғалар әлеуметтік желіде сауалнама ұйымдастыруына болмайды. Бұл туралы Орталық сайлау комиссиясында өткен баспасөз мәжілісінде ҚР Бас прокурорының орынбасары Болат Дембаев айтты.**

– Мұндай сауалнаманы бес жыл жұмыс өкілдігі бар тек заңды тұлғалар ұйымдастыра алады. Жеке тұлғаларға рұқсат етілмеген. Кейбір БАҚ өкілдерінің, жеке тұлғалардың осындай сарындағы сауалнама ұйымдастырып жүргенін анықтадық. Ондай жағдайда әкімшілік жаза қарастырылған, – дейді Дембаев.

Ол еліміздегі БАҚ өкілдерінің бірі осындай сауалнама ұйымдастырғанын мысал ретінде айтып өтті. Қазіргі кезде аталған БАҚ-тың құрылтайшысы әкімшілік іс бойынша шақырту алғанын жеткізді.

Бас прокурордың орынбасары сондай-ақ сайлау күні қоғамдық пікірді білу мақсатында сайлау учаскелерінде сауалнама ұйымдастырмауға шақырды.

Сауалнама ұйымдастырған тұлға интернет-ресурс, әлеуметтік желі, мессенджерді пайдаланып, нәтижені жарияламауы тиіс. Бұл сайлауға қатысты фейк ақпараттың алдын алу мақсатында жасалып отыр.

## ҚАРАҒАНДЫЛЫҚ СПОРТШЫЛАР ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИРДЕ ТӨРТ МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ

**Қарағандылық мүмкіндігі шектеулі спортшылар екі алтын, бір күміс және бір қола медальді қанжығалады.**

Үш қарағандылық спортшы мүмкіндігі шектеулі жандар арасында жеңіл атлетикадан өткен беделді халықаралық турнирде Қазақстан намысын қорғады. Марракеш қаласында (Марокко) өткен жарыста 34 елден 350 спортшы бақ сынаған болатын.

Екі алтын медальді Руфат Хабибуллин жеңіп алды. Ол 100 метрге жүгіруде және найза лақтыруда үздік атанды.

Дастан Мұқашбеков диск лақтыруда күміс, ал ядро итеруде қола жүлдені иеленді. Осы нәтижесінің арқасында ол нормативті орындап, қараша айында Дубайда (БАӘ) өтетін әлем чемпионатына жолдама алды.

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ІНДЕТ, ЖОЮ – МІНДЕТ!

# ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АЯСЫ КЕҢЕЮДЕ

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы халықаралық іс-қимыл процестеріне еліміздің белсенді қатысуын қамтамасыз ету және мемлекеттік басқару саласында тәжірибе алмасу мақсатында ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің төрағасы Алик Шпекбаев бастаған қазақстандық делегация Ұлыбритания мен Германияға барды.**



Жұмыс сапары барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруда, мемлекеттік қызмет көрсету саласын цифрландыру және Мемлекеттік қызметтің инновациялық қайта құруларында біздің еліміздің тәжірибесі мен жетістіктері көрсетілді.

Атап айтқанда, а.ж. 29-30 сәуірінде Қазақстанның Ұлыбританиядағы Елшілігінің қолдауымен делегация Ұлыбританияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі бірлескен үйлестіру орталығының басшысы Э. Престонмен(-JACU), Қазақстанмен ынтымақтастық жөніндегі Бүкілпартиялық парламенттік топтың төрағасы – Біріккен Корольдігі Парламентінің депутаты Б. Стюартпен, қоғамдық өмірдегі стандарттар жөніндегі комитеттің төрағасы Лорд Эванспен, «Economist Intelligence Unit» рейтинг агенттігінің өкілдерімен, сондай-ақ, Ұлыбритания IIM Мемлекеттік сатып алу мониторингі саласындағы сарапшылармен кездесулер өткізді.

Престон мырза Қазақстанның қазіргі заманғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының прогрессивтілігін, сондай-ақ, оның құралдарының пәрменділігін атап өтті. Ол Қазақстанмен қоғамның әл-ауқатын арттыруға және халықтың жоғары сенімін қалыптастыруға қатысты мақсаттардың ортақтығын атап өтті. Қазақстандық тараптың мемлекеттік қызметкерлерді адалдыққа тексеруді енгізу ниетіне ерекше назар аударылды.

IIM сарапшыларымен делегация сондай-ақ, мемлекеттік сатып алу саласында бақылау мен ашықтықты қамтамасыз етудің британ тәжірибесін талқылады. Алдыңғы қатарлы тәжірибе Қазақстан контекстінде осы саланы реформалауда пайдаланылатын болады.

Қоғамдық өмірдегі стандарттар жөніндегі комитет басшысы Лорд Эванс Қазақстанның Мемлекеттік қызметтің ашықтығы мен есеп берушілігіне қол жеткізу жөніндегі күш-жігерін оң бағалады. Атап айтқанда, ол қазақстандық мемлекеттік қызметшілердің этикалық кодексі халықаралық стандарттарға сәйкес келетінін және парасаттылық мәдениетін ілгерілетуге ұмтылысын көрсететінін атап өтті.Оның айтуынша, Агенттік қызметінде Ұлыбританиямен қабылданатын шараларда, оның ішінде азаматтық қоғаммен белсенді өзара іс-қимылда ұқсастық байқалады, бұл екі жақты ынтымақтастықты кеңейту үшін айтарлықтай әлеует туғызады.

Кездесу барысында «Economist Intelligence Unit» халықаралық сарапшылары сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша мемлекет қабылдаған шаралар аясында, ең алдымен, халыққа көрсетілетін қызметтерді цифрландыру саласында болып жатқан өзгерістердің оң динамикасын атап өтті.

Бизнесті дамыту жөніндегі Директор А. Голфинч 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияда ең алдымен қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйелі кешені анықталғанын айтты.

2-3 мамырда Қазақстан Республикасының Германия Федеративтік Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Б. Нүсіповтың қолдауымен Бертельсманн атындағы қордың, «Transparency International» және Герман экономикасының шығыс комитетінің басшылық құрамымен сараптамалық кездесулер өткізілді.

Қордың аға директоры С. Эмптер трансформациялық үдерістерді басқаруды күшейтуге бағытталған азаматтық қоғамды қатыстыра отырып, бастамалар мен жобаларды іске асыруда Агенттіктің инновациялық тәсілін атап өтті.Талқылау барысында азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған шаралар кешенін іске асырудағы Агенттіктің жетістіктері айтылды.

Еуропа және Орталық Азия елдеріндегі «Transparency International» кеңсесінің өкілдерімен Агенттіктің жобалары белсенді талқыланды. Тараптар ИВК-дағы көптеген елдердің позицияларының төмендеу үрдісі аясында Қазақстан бұрын қол жеткізілген нәтижелерді бекіте алды деп атап өтті. Халықаралық ұйым Қазақстанда республикалық көлемде жемқорлыққа қарсы жазғы мектеп өткізу идеясын қолдады. Сондай-ақ, «Transparency International» сарапшылары Қазақстанда халықаралық қоғамдастық таныған зерттеулер әдістемесі бойынша әлеуметтік өлшеуді өткізу бастамасын қолдады.

Германия экономикасы Шығыс комитетінің басқарушы директоры М. Хармспен кездесу барысында Қазақстанда қолайлы инвестициялық климатты қалыптастыру саласындағы шаралар талқыланды.Атап айтқанда, Агенттіктің «Protecting Business and Investments»жобасы айтарлықтай қызығушылық тудырды.Өз кезегінде, неміс тарапы Қазақстандағы комплайенс қызметінің даму келешегін атап өтті. Осы тақырып бойынша сарапшылардың қатысуымен қазақстандық компаниялар үшін семинарлар өткізіледі.Тараптар сапалы инвестиция тарту және адал кәсіпкерлікті өсіру мақсатында өзара іс-қимылға дайын екендіктерін білдірді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар ресми және сараптамалық деңгейде шетелдік әріптестердің қолдауына ие болды.Жұмыс сапарының қорытындысы бойынша Агенттік қызметтің негізгі бағыттарын одан әрі жетілдіру мақсатында нақты ұсыныстар әзірлейтін болады.

**ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің баспасөз қызметі**

ЖАДЫНАМА

# САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІММЕН ҚАЛАЙ ТАНЫСА АЛАДЫ?

**Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы 2019 жылдың 9 маусымында өтетін Президент сайлауын ұйымдастыру және өткізу бойынша жадынама ұсынады.**

***Сайлаушылар тізімі қалай дайындалады?***

Бұл тізімді жасауға жергілікті атқарушы орган жауапты. Жергілікті әкімдік өздері жауапты аумақтағы сайлаушылардың тізімін тұрғылықты мекенжайы мен жеке тұлғалар туралы мемлекеттік база деректеріне сүйене отырып жасайды.

Бір азамат тек бір сайлау учаскесінде ғана тіркелген болуы шарт.

Ал, уақытша тіркелген азаматтар жергілікті атқарушы органға өтініш жазу арқылы өзін тұрақты тіркелген жеріндегі тізімнен алғызып, тұрғылықты орны бойынша тізімге енгізе алады.

***Сайлаушылар тізіміне өзгеріс қандай жағдайда енгізіледі?***

Әрбір азамат сайлау тағайындалған күннен бастап өзін сайлаушы ретінде тіркетуге құқылы.

Егер азамат сайлау болатын күні тұрғылықты жері бойынша тіркелген учаскеге келе алмайтынын кем дегенде 30 күн бұрын білсе, сайлау күні орналасатын жері бойынша сайлаушылар тізіміне тіркелу туралы өтініш жазады.

Азаматтың өтініші аталған тармаққа сәйкес болса, жергілікті орган оның тілегін қанағаттандыруға міндетті.

***Сайлаушылар тізімімен қалай танысуға болады?***

Әр сайлау учаскесіндегі дауыс берушілер тізімін жергілікті әкімдік 20 мамырдан кешіктірмей учаскелік сайлау комиссиясына өткізуі керек.

Учаскелік сайлау комиссиясы ол тізімді танысуға ниет білдірген сайлаушыларға 25 мамырдан кешіктірмей ұсынуы тиіс. Ол тізіммен дауыс берушілер сайлау комисиясы орналасқан орында танысып, тізімдегі деректердің дұрыстығын тексере алады.

Дауыс беруші өзін сайлаушылар тізімінен таппаған жағдайда немесе өзі туралы қате дерек көрген жағдайда жазбаша түрде шағым түсіруге құқылы.

Шағымды сайлау комиссиясы арыз түскен күні қарайды.

Арыз мақұлданбаған жағдайда сайлау комиссиясы мұндай шешімнің себебін дәлелді көшірмемен бірге кешіктірмей береді. Бұл шешіммен де келіспеген жағдайда сайлаушы сайлау комиссиясы орналасқан мекенжай бойынша сотқа шағым түсіре алады. Сот шағымды арыз түскен күні қарайды.

Сайлаушы өз учаскесіне ХҚКО беретін мекенжай анықтамасы арқылы да тізімге енгізілуі мүмкін.

***Мүмкіндігі шектеулі жандар қалай дауыс береді?***

Мүмкіндігі шектеулі жандардың дауыс беруге арналған үй-жайларға кедергісіз кіріп-шығуына жергілікті атқарушы органдар жағдай жасауға міндетті. Ол үшін:

1. Дауыс беруге арналған орын ғимараттардың бірінші қабатында орналасуы шарт. Ол ғимарат арнайы пандустармен, төсеніштермен, тактильді көрсеткіштермен (уақытша рұқсат етіледі), есіктердегі қажетті ойықтармен, жеткілікті жарық көздерімен жабдықталған болуы керек.

2. Дауыс беруге арналған үй-жайды таңдаған кезде кіре берісі ыңғайлы болуы, жаяу жүргінші жолдарының жақын маңда болуы, автотұраққа лайық орындардың болуы ескерілуі тиіс.

3. Ғимарат таңдап алынған соң сайлау учаскесі ретінде әлеуметтік қолжетімді нысандар картасына енгізіледі.

Зағип-саңырау және саңырау сайлаушылар көп қатысуы мүмкін учаскелерге сурдоаудармашылар мен тифлоаудармашылар тартылуы қажет.

Жергілікті атқарушы органдар сайлау комиссияларына мүмкіндігі шектеулі сайлаушылардың саны туралы мәлімет беруі тиіс. Сол бойынша сайлау науқаны мен мерзімі, өткізу және ұйымдастыру тәртібі туралы, бюллетень толтыру тәртібі туралы дыбыстық форматтағы ақпараттық материалдар дайындалады.

Ал ақпарат көрнекі нұсқада болса, оқуға ыңғайлы, үлкейтілген қаріппен жазылуы керек. Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған ақпараттық материал дауыс беруге арналған үй-жайдың аумағынан орын тебуі тиіс.

БҰҰ-ның Мүмкіндіктері шектеулі азаматтардың құқықтары туралы конвенциясына сәйкес, алдағы Президент сайлауы қарсаңында төмендегі өнімдер әзірленетін болады:

1) «Мүмкіндіктері шектеулі сайлаушыларға арналған Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» аудио нұсқадағы жадынама (10201 дана).

2) «Мүмкіндіктері шектеулі сайлаушыларға арналған Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» әдістемелік жадынама (10482 дана).

3) Нашар көретіндерге арналған арнайы ұлғайтқыштар (10201 дана).

Бұл өнімдер еліміздегі барлық учаскелік сайлау комиссиялары мен мүгедектерге арналған мамандандырылған кітапханаларға таратылады.

Орталық сайлау комиссиясы аумақтық сайлау комиссиясының мүшелерін электораттық оқытуды қолға алмақ. Комиссия мүшелерін сайлау барысында мүмкіндіктері шектеулі азаматтардың сайлау құқықтары бойынша тестілеу жүргізіледі.

Сайлау науқандарының тарихында мүмкіндіктері шектеулі азаматтардың құқықтарын кешенді қамту шаралары тұңғыш рет қолға алынып отыр.

САЙЛАУ – 2019

# КАНДИДАТТАР АРАСЫНДА АШЫҚ ТЕЛЕПІКІРТАЛАС ӨТУІ МҮМКІН

**ҚР Орталық сайлау комиссиясы ҚР Президенттігіне кандидаттар арасында теледидардан ашық пікірталас өткізу мүмкіншілігін қарастырып жатыр.**

Бұл туралы ҚР Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Константин Петров мәлімдеді.

– Президенттікке кандидаттар, оларды ұсынған саяси партиялар Орталық сайлау комиссиясы ұйымдастыратын теледидардағы сайлау алдындағы пікірталастарға қатысуға құқылы. Қазіргі уақытта Орталық сайлау комиссиясы мұндай мүмкіндікті пысықтауда, – деді ол.

Оның айтуынша, мемлекет сайлау алдындағы үгіт жүргізу үшін бұқаралық ақпарат құралдарына қол жеткізудің тең шарттарына кепілдік береді. Ол үшін «Сайлау туралы» Конституциялық заңның 28-бабының 3-тармағына және ҚР ОСК-ның қаулысымен бекітілген Күнтізбелік жоспардың 7-тармағына сәйкес эфир мен баспасөз алаңын беру мөлшері, шарттары мен тәртібі туралы мәліметтер тиісті бұқаралық ақпарат құралымен 2019 жылғы 5 мамырда сайлау алдындағы үгіт жүргізу басталғанға дейін 5 күннен кешіктірмей хабарландырылуы және жариялануы тиіс. Сондай-ақ ОСК-ға оның интернет-ресурсында орналастыру үшін ұсынылуы қажет. Қазіргі уақытта ОСК-ға БАҚ-тан 139 ақпараттық хабар келіп түсті, барлық хабарлар ОСК сайтында орналастырылған.

– Кандидаттарға бұқаралық ақпарат құралдарында эфир уақытын, баспа алаңын беру туралы шарттың талаптары қандай да бір кандидатқа, саяси партияға басымдық туғызбауы тиіс. Кандидаттардың біріне берілген эфир уақытын, баспа алаңын бөлуге келісім беру өзге де кандидаттарға эфир уақытын, баспа алаңын бөлуге келісім беру болып табылады. Кандидаттардың бұқаралық ақпарат құралдарында сөз сөйлеуінің кезектілігі жазбаша өтініштердің келіп түсу тәртібімен немесе өтініштер бір мезгілде түскен жағдайда жеребе бойынша белгіленеді, – деді К.Петров.

Оның сөзіне қарағанда, кандидаттардың сайлау алдындағы үгіті бар мерзімді баспасөз басылымдарының, теле-радиохабарлардың барлық жарияланымдары қаржыландыру көздері туралы ақпаратты қамтуы тиіс. Президенттікке кандидаттар бұқаралық ақпарат құралдарына үгіт материалдарын ұсынған кезде олардың Конституция мен сайлау заңнамасының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге қажет.

ТАМАША ТАРТУ

# ҚАРАҒАНДЫЛЫҚ ҚҰТҚАРУШЫЛАРҒА ЖАҢА ТЕХНИКАЛАР ТАБЫСТАЛДЫ

**Отан қорғаушылар мерекесі қарсаңында Төтенше жағдайлар департаменті №17 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімі алаңында арнайы қызмет құрылымдарына жаңа техникалар мен шатырлы дала лагерьлері табысталды. Шараға арнайы келген облыс әкімі Ерлан Қошанов құтқарушыларды мерекемен құттықтап, батыл жұмыстары үшін алғысын білдірді.**

Тілсіз жау және су тасқыны кезеңіндегі ауыр сәттерде сіздер аумақты және халықты төтенше жағдайлардан қорғауды қамтамасыз етуде міндеттеріңізді абыроймен атқарып келесіздер. Жедел және жанкешті жұмыстарыңыздың арқасында облыстың бірқатар елді-мекендерінде су басу қаупін сейілтуге мүмкіндік туды, – деді аймақ басшысы.

Сондай-ақ, Ерлан Жақанұлы көктемгі су тасқыны кезеңінде алдын алу шараларына белсене қатысқан ТЖД мен №52859 әскери бөлімінің қызметкерлеріне Алғыс хаттар табыстады.

Мемлекеттік материалдық қордан 4 автоцистерна, 3 вахталық автокөлік, автосамосвал және жолаушылар автобусы төтенше жағдайлар департаментіне, вахталық автокөлік, бульдозер, тартқыш және экскаватор Ұлттық Ұлан «Орталық» өңірлік қолбасшылығының № 52859 әскери бөліміне берілді.

Сонымен қатар, құтқарушыларға қысқы шатырлар да қолданысқа ұсынылды. Бұл төтенше жағдайларда дала лагерьлеріне эвакуацияланған халықты, төтенше жағдайларды жоюға тартылған жеке құрамды орналастыруға, медициналық пункттің, тамақтану пункттерінің жұмысын ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

ТЖД қызметкерлері жыл сайын қажет техникалар мен жабдықтармен қамтамасыз етіп келе жатқан облыс басшылығына ризашылығын жеткізіп, алдағы уақытта да елдің тыныштығы мен қауіпсіздігі үшін аянбай еңбек ететіндеріне сендірді.



Жыл соңына дейін ТЖД бөлімшелеріне тағы да бірнеше жол талғамайтын көлік, автоцистерна және вахталық автокөлік сатып алынады деп жоспарлануда. Қазір құтқарушылардың құзырында 400-ге жуық техника бар.

*Бет материалдарын әзірлеген*
**Дархан МҰХАН**

СЕССИЯ

# ӘКІМНІҢ ЕСЕБІ ТЫҢДАЛДЫ




**Сәрсенбі күні қалалық мәслихаттың кезекті XXXV сессиясы өтіп, онда бірқатар мәселелер қаралды.**

Депутат Д. Абахов төрағалық еткен сессия күн тәртібіне сай қала әкімі Қайрат Бегімовтің өзіне жүктелген функциялар мен міндеттерді орындауы жөнінде депутаттар алдындағы есебі тыңдалды. Қайрат Баяндыұлының айтуынша, былтырғы жылдың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінде оң динамика байқалады.

– Өткен жылы бюджеттің түсімдері 108 пайызды құрады. Барлық әлеуметтік міндеттемелер толық көлемде орындалды. Өнеркәсіптік өндіріс көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 3,7 пайызға артты. Ауылшаруашылық саласындағы жалпы ішкі өнім көлемі 4,6 млрд теңгені құраса, шағын және орта бизнес саласындағы өнім көлемі 34,3 млрд теңгені құрады. Қала дамуында индустриалдық-инновациялық саясаттың алар орны үлкен. Оны жүзеге асыру басталғалы бері қалада 9 инвестициялық жоба іске асты, – деген қала басшысы 2018 жылы атқарылған жұмыстардың бірсыпырасына тоқталып өтті.

Кәсіпкерлікті қолдау картасынан тыс есепті кезеңде екі жоба жүзеге асып, 32 жаңа жұмыс орны ашылған. Жалпы инвестиция көлемі 590 млн теңгені құрады. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады.

– 2019-2020 жылдары «Қазақмыс» корпорациясы гидрометаллургиялық өңдеу тәжірибелік зауытының құрылысы мен «Қазхимсинтез» ЖШС-нің өнеркәсіптік реагент шығаратын химиялық зауытының құрылысы сияқты екі жобаны іске қосу жоспарланып отыр. Бұл жобалардың жалпы инвестиция құны 9 млрд теңгені құрайды. Жаңадан 347 жұмыс орны ашылады, – деді Қайрат Баяндыұлы.

Ауыл шаруашылығы саласында «Сыбаға» және «Алтын асық» бағдарламалары бойынша 33 шаруа қожалығы 31,8 млн теңге субсидия алған. Төрт шаруа қожалығы 220 бас ірі қара мал сатып алу үшін 138 млн теңге көлемінде жеңілдетілген несие рәсімдеген.

– Әлеуметтік саясаттың негізгі бағыты жұмыспен қамту және тұрғындарды әлеуметтік қорғау болып табылады. Қолға алынған шаралардың арқасында 3 мыңнан астам адам жұмысқа орналастырылып, 150 адам әлеуметтік жұмысқа жолдама алды. 121 адам жастар тәжірибесіне жіберілді. Осының арқасында жұмыссыздық көрсеткіші 10 пайызға төмендеді, – деді қала басшысы.

Көп балалы, аз қамтылған отбасыларды қолдау бағытында да біршама жұмыс қолға алынған. 1 маусымнан бастап көпбалалы отбасыларға қалаішілік автобустарда тегін жүруге жеңілдік беріледі. Сондай-ақ, мамыр айынан бастап 1-4 сыныптарда оқитын 800-ден астам балаға тегін тамақ беріледі. Бұдан бөлек көп балалы отбасыларға балабақша қызмет ақысына 50 пайыз жеңілдік қарастырылған.

Әкім баяндамасында кәсіпкерлікті қолдау, инвестиция тарту, жаңа жұмыс орындарын ашу, әлеуметтік нысандарды жаңғырту бағытында атқарылған жұмыстар мен алда атқарылар жоспарлар көрініс тапты.

Депутаттар әкім есебіне қанағаттанарлық баға беріп, оң қабылдады.

Одан кейін қалалық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Виктория Ставицкаяның 2018 жылғы қала бюджетінің орындалысы, Кеңгір ауылдық округы бюджетінің орындалысы және Кеңгір ауылдық округының 2019-2021 жылдарға арналған бюджетіне өзгерістер енгізу туралы баяндамасы тыңдалды. Бұл мәселелердің барлығы мәслихаттың тұрақты комиссия отырысында пысықталғандықтан, баяндамашыға депутаттар тарапынан сұрақ болған жоқ. Шешімдер бірауыздан қабылданды.

Депутаттар сонымен бірге, қала әкімінің орынбасары Нұржан Орынбаевтың қаладағы суару маусымына дайындық туралы баяндамасын тыңдады. Нұржан Серікұлының айтуынша, суару желілерін жаңалау жұмыстары жоспар бойынша өтуде.

– 2018 жылы облыстық бюджеттен бөлінген 162,5 млн теңге көлеміндегі қаражатқа Холмецкий (Садовое кольцо) көшесінде, Чернобыль апатын жоюшылар скверінде, Бекболатсай, Қостанкелдісай елді-мекендерінде, «Наурыз» саябағында, 7,8-ықшамаудандарда, Пристанционный елді-мекені мен Әуежай саяжайында 24 шақырым суару желісі тартылған, – деген қала әкімінің орынбасары бұл жұмыстар биыл да жалғасатынын, 160 млн теңге бөлініп, 33 шақырымнан астам суару желілері тартылатынын жеткізді. Сонымен бірге, Кеңгір су қоймасынан су соруға арналған қондырғыларды баптау-іске қосу жұмыстары қолға алынған. Қала әкімінің тапсырмасына сай биыл осындай тағы бір насосты іске қосу жоспарланып отыр. Әкім орынбасарының айтуынша бүгінде суару кестесі пысықталып, суару маусымы 15 мамырда басталмақ.

**Өз тілшіміз**

# БІРЛІК МЕРЕКЕСІ

*Жезқазғанда жоғары деңгейде аталып өтті*




«Ырыс қайда барасың? Ынтымаққа барамын!» дейді халық даналығы. «Бірлік болмай, тірлік болмас» деген де қазақтың дана сөзі бар. Шындығында, Тәуелсіз Қазақстанның бүгінге дейін жеткен жетістіктері тек бірліктің, сол бірлікпен келетін тұрақтылықтың нәтижесінде ғана орын алды. Қазіргі таңда елімізде 130-дан аса этнос өкілдері «достық шаңырағының» астында тату-тәтті өмір сүруде. Олардың барлығы 1 мамыр күні жиналып бірлік күнін атап өтеді.

Бұндай айтулы мерекені Жезқазған қаласының жұртшылығы жоғары деңгейде атап өтті. Достық күнін мерекелеуге қала басшылығы, қалалық мәслихат депутаттары, қаланың құрметті азаматтары, мекеме басшылары қатысты. Алаш алаңында басталған мерекелік концертті Қ.Шыңғысов атындағы №5 мектептің оқушыларынан құралған хор ұжымы «Атамекен» әнімен ашып берді. Одан кейін жезқазғандықтар қаладағы хореографиялық ұжымдардың дайындаған бірлік, татулық атты қастерлі ұғымның қадір-қасиетін айшықтай түсетін би композициясын тамашалап, жастар көкке түрлі-түсті шарларды ұшырды.

Қала жұртшылығын алғаш болып қала әкімі Қайрат Бегімов құттықтады.

– 1 мамыр – елдің тұрақтылығы мен дамуының кепіліне айналған, достық пен келісім мерекесі. Баршаңызға амандық, бейбіт аспан және зор табыс тілеймін. Тәуелсіз Отанымыздың ырысы молайып, өркендей берсін, – деді қала басшысы.

Жезқазған қаласында сегіз этномәдени бірлестік бар. Олар әр халықтың дәстүрін, тілін, мәдениетін сақтап, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп келеді. Ең бастысы қанша ұлт пен ұлыс болса да барлығы Қазақстанның өсіп-өркендеуіне өзіндік үлес қосуда. Қаланың қоғамдық өміріне белсене қатысып, жаңа қоғамды қалыптастыруда атсалысып жүрген бірлестіктерді қала әкімі Қайрат Баяндыұлы Құрмет грамоталары және Алғыс хатпен марапаттады. Олардың қатарында «Қазақ тілі қоғамы» қоғамдық бірлестігі, «Русская община Казахстана» қоғамдық бірлестігі, «Дуслық» татар-башқұрт мәдени орталығы, «Возрождение» неміс мәдени орталығы, «Диндалле» кәріс мәдени орталығы, «Ватан» түркімен мәдени орталығы, «Любысток» украин-беларусь мәдени орталығы бар.

Достық мерекесінде риясыз пейілден тілегін ақтарған «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС байыту-өндірістік кешенінің техникалық директоры Нұрлан Қасым құттықтады. Ол өз кезегінде бір шаңырақ астындағы халықтар достығы мен өзара түсіністігі одан әрі жалғаса берсін деп тіледі. Қаламыздағы этномәдени бірлестіктердің атынан Қазақстанның орыс қоғамдастығы Жезқазған қаласы бойынша төрайымы Нина Барбутько өз тілегін жеткізді. Ол өз сөзінде қиын қыстау заманда бауырына басқан қазақ халқына алғыс білдіріп, ұлтаралық татулық пен бірліктің айқын көрінісі болған мамыр мерекесімен құттықтады.

Бұл күн – Тәуелсіздіктің қадірін түсіндіріп, бауырмалдықтың бағасын арттыратын күн. Ресми бөлім аяқталғаннан кейін мереке жергілікті өнерпаздардың концертімен жалғасты. Қаламыздағы үздік би ансамбльдері түрлі ұлттың билерін ұсынса, мәдени бірлестіктер өздерінің халық әндерінен шашу шашты. Жезқазғандықтар үшін қазақ эстрадасының жарық жұлдызы Гүлнұр Оразымбетова, «Ернат & Темірлан» дуэтінің өнер көрсетуі ерекше тарту болды. Олар бүгінде «хитке» айналған туындыларын орындап, қала тұрғындары мен қонақтарына мерекелік көңіл-күй сыйлады. «Көкке өрле» деп рухты әнін шырқаған Гүлнұр Оразымбетова жезқазғандықтарды бірлік мерекесімен және қаланың 65 жылдық мерейтойымен құттықтап ақжарма тілегін жеткізді:

– Елімізде тек тыныштық пен бейбітшілік, қуанышты күндер көп болсын. Жезқазған қаласы өркендеп, өрлей берсін. Мереке құтты болсын!, – деді әнші.

Бұл күні қала жастары өздерінің уақыттарын пайдалы өткізе білді. Өйткені, олар үшін спорттық жарыстар ұйымдастырылды. Білегінің күшіне сенгендер қол күрестіріп, кір тасын көтерсе, есепке жүйріктер тоғызқұмалақ ойынынан жарысқа түсті. Одан бөлек арқан тартыс, көңілді эстафета, асық ату ойындары да өз деңгейінде өтіп, үздіктерді анықтады. Сонымен қатар, бұл күні мерекелік сауда-саттық қыза түсті. Алашахан даңғылы бойында түрлі ұлттық тағамдар, кондитер өнімдері табылды. Сондай-ақ, балаларға ерекше көңіл-күй сыйлайтын ойыншықтар, сыйлықтар да қол жетімді бағада саудаланды.

Алаш алаңына жиылған жұртшылық күннің суығына қарамастан өнер көрсеткен әртістермен ән шырқап, шат-шадыман күйде болды. Бір үйдің баласындай біте қайнасып кеткен мысты шаһар тұрғындары бұл мерекенің мәні мен маңызын барынша сезінді.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**

# ТӘЖІК-АУҒАН ШЕКАРАСЫНДА ҚАЗА ТАПҚАНДАРДЫ ЕСКЕ АЛДЫ



**Тәжік-ауған шекарасындағы жауынгерлік қимылдар мен әскери қақтығыстарға қатысушылардың құрметіне қалалық митинг ұйымдастырылды.**

Тәжікстан мен Ауғанстан шекарасындағы ахуал көршілес мемлекеттердің тәуелсіздігі мен қауіпсіздігіне нұқсан келтірмеуі үшін ТМД елдері 1992 жылдың 15 мамырында «Ұжымдық қауіпсіздік туралы» халықаралық келісімшартын қабылдады. Осы келісімшартқа сәйкес қазақ елінің бітімгерлік батальоны 1993-1999 жылдар аралығында тәжік-ауған шекарасындағы қақтығыстарды реттеуге жұмылдырылды. Қазақ батальонының жауынгерлері өз азаматтық борыштарын абыроймен атқарып, Ұлы Отан соғысы және ауған республикасындағы соғыстарда ата-баба, ағаларының көрсеткен өжеттігі мен ерлігін қайталай білді. Сол ерліктің бір парасын 1995 жылдың 7 сәуірінде Памир тауындағы Пшихавр шатқалында болған қарулы қақтығыс кезінде ішкі әскер взводының жауынгерлері көрсетті. Мұздай қаруланған, саны жағынан бірнеше есе жаумен кескілескен шайқасқа түскен 17 қазақ жауынгері өліспей беріспеді, жауды тың күштер келгенше бөгеп, ерлікпен қаза тапты. Қалалық митинг антына адал сол боздақтарды бір минут үнсіздікпен еске алумен басталды.

Жезқазғандық жастарды жинаған митингтің алғашқы сөзін қалалық ішкі саясат бөлімі жанындағы жастар ресурстық орталығының директоры Бақытжан Көпбаев алды.

–1993-1999 жылдар аралығында еліміздің ішкі әскері жедел мақсаттағы бөлімінің 2 мыңнан астан жауынгері мен офицері тәжік-ауған шекарасында жауынгерлік міндеттерін орындады. Сарбаздар ТМД шекарасының оңтүстік шебін, Ауғанстанмен шектесетін ең ауыр және қиын участкесінің тыныштығын күзетті. Жауынгерлердің басты мақсаты жалпы саяси жағдайдың тұрақтануына дейін шекарадағы ахуалды ретке келтіру болды. Сонымен қатар, гуманитарлық көмек пен босқындардың қауіпсіздігін қадағалау мен маңызды нысандарды қорғау еді. Қазақстандық жауынгерлер өздеріне жүктелген осындай жауапкершілігі мол міндеттерді орындады, – деп сөзін жалғаған Бақытжан Игенұлы олардың ерлігі бүгінгі жастарға үлгі-өнеге екенін айтты. Сондай-ақ, тәжік-ауған шекарасында борышын өтеген Қайсар Бимұратов пен Сабыржан Құлашовты, Қуат Сәменов пен Семби Ибадильдиновты Жезқазған қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқарма басшысының Алғыс хатымен марапаттады.

Сарбаздардың ерлігін насихаттаған митинг барысында Отан алдындағы борышын өтеуге алынған болашақ жауынгерлерге қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқарма бастығының орынбасары Арман Мақажанов сәттілік тіледі. Және «Тәжік-ауған шекарасындағы жауынгерлік іс-қимылдарға және әскери шиеленістерге қатысушылардың одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің «Ерлік үшін» медалін Николай Черемушкинге, ал «Тәжікстанға бітімгерлік батальонның енгізілгеніне 25 жыл» мерекелік медалін Жеңіс Нұрболаевтың кеудесіне тақты.

«Тәжік-ауған шекарасындағы жауынгерлік іс-қимылдарға және әскери шиеленістерге қатысушылардың одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Жезқазған аймағы бойынша өкілі Қайсар Бимұратов қалалық митинг өткізуге мұрындық болған қала басшылығына алғысын білдірді. Сонымен қатар, былтыр пәтерде шыққан өрттен іні-қарындасын аман алып шыққан сегіз жасар Игорь Меняйловқа «Қазақстан батыры» медалін тапсырып, өжет ұл тәрбиелеген әкесі Владимирді қоғамдық бірлестіктің атынан Алғыс хатпен марапаттады.

Митинг соңында қатысушылар ескерткішге гүл қойып, қаза тапқан жауынгерлердің рухына тағзым етті.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# ЕЛ ҚОРҒАНДАРЫ ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ

**Серке Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалы-драма театрында Отан қорғаушылар күніне арналып өткен салтанатты шараның қадірлі қонағы қатарында Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен құқық қорғау саласының қызметкерлері мен әр салада өңірдің дамуына үлес қосып жүрген ер-азаматтар болды. Жиналғандардың мерекелік көңіл-күйін қала басшысы атынан сөз алған әкім орынбасары Нұржан Орынбаев еселей түсті.**



– Әскери қызмет қашан да әр азаматтың қасиетті борышы, абыройлы ісі, ерлік пен қайсарлықтың мектебі болды. Бұл мерекеде біз көпұлтты Отанымыздың қорғаушыларының барлық буынына құрмет көрсетеміз. Ардагерлер салған қаһармандық жолды бүгінгі Қазақстан армиясы лайықты жалғастырып келеді. Сондықтан, еліміздің алдағы уақытта да бейбіт өмір сүріп, қарқынды дами беретініне сенімдіміз. Құрметті Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің сарбаздары және ардагерлері егеменді мемлекетіміздің қорғаныс қабілетін нығайтуға қосқан баға жетпес үлестеріңіз үшін Сіздерге шексіз алғысымызды білдіреміз, – деп ақжарма ақ тілегін жеткізген Нұржан Серікұлы марапаттау салтанатын өткізді.

Бұл жолы еңбегімен ерекшеленгендердің легін қалалық мәслихаттың аппарат жетекшісі Александр Ким бастады. Оған Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасы тапсырылды. Жезқазған қаласының Құрмет грамотасын иеленгендердің сапынан Жезқазған қаласы прокурорының орынбасары Саржан Сабыр, полиция басқармасының бөлім бастығы Алмаз Хамитов, қорғаныс істері жөніндегі басқармасының жасақтау бөлімінің бастығы Арман Оспанов, Төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық – құтқару жұмыстары қызметі № 2 жасақ, № 42 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің аға инжинері Қайырбай Белгібаев, № 1 орта мектептің алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Дархан Үңгітбаев, «Любысток» ансамблінің жетекшісі Александр Вагнер, тау-кен металлургиялық колледжінің АӘД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы Фархат Жарылқасынов көрінді.

Құттықтау легін жалғаған Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы Советбек Медебаев ел шекарасының бүтіндігі мен қауіпсіздігін қорғап жүргендерге деген жылы лебізін білдіріп, төтенше жағдайлар басқармасының және өрт сөндіру қызметінің бірқатар қызметкерлері мен ұстаздарға Жезқазған қаласының Құрмет грамотасын табыстады.

Еліміз бен жеріміздің қорғаны, тыныштығының сақшысы, мемлекет қауіпсіздігінің қалқанына айналған Отан қорғаушыларды мерекемен құттықтаған Жезқазған қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқарманың басшысы Марат Шакуанов жастарға әскери-патриоттық тәрбие беруде қосқан үлесі үшін қала басшылығына ризашылығын білдіріп, Алғыс хатпен марапаттады.

Жезқазғандық өнерпаздардың мерекелік концертіне ұласқан салтанатты шарада қалалық полиция басқармасының тәртіп сақшылары атсалысты. Олар өнерден кенде емесін көрсетіп, домбыраның сүйемелдеуіне патриоттық әндерді орындады. Осылайша, қару мен домбыраның қатар ұстаған Әлжан Атымтаев пен Ғанибек Исатаев көпшілікті қоңыр дауысымен тәнті етіп, ыстық ықыласқа бөленді.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

*Суреттерді түсірген*

**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# АЛҒЫС АҚТАРЫЛҒАН КҮН



**Биыл Ұлы Отан соғысының аяқталып, алғаш Жеңіс күні тойланғанына 74 жыл толды. Содан бері адамзат бейбіт заман үшін шайқасқан жауынгерлерге алғыс айтумен келеді. Сол кездегі жас майдангерлер бүгінде ақсақалды ата мен ақжаулы әжеге айналды. Өскелең ұрпақ олардың ерлігін ешқашан ұмытпайды және әрдайым құрмет көрсетеді. Қала басшылығының қолдауымен «Ержан» мейрамханасында Ұлы Отан соғысы ардагерлері және тыл еңбеккерлерін, ауған соғысы ардагерлері және Чернобыль апатын залалсыздандыруға қатысқан батырларды ұлықтап, құрмет-қошемет көрсетілді.**

Ұлы Жеңіс күні қарсаңында сонау сұрапыл жылдардың куәсі болған арамыздағы ардақты ардагерлерге дастархан жайып, қарттардың батасын алу бүгінде дәстүрге айналған. Салтанатты кеш майдан алаңында Отан үшін шайқасқан батырларды бір минут үнсіздікпен еске алумен басталды.

Айтулы мерекемен жиналғандарды алғаш болып қала әкімінің орынбасары Аманғали Мұхамбедин құттықтады. Ол қала басшылығы атынан ардагерлерге бүгінгі тыныш заманымыз үшін алғыс айтып, зор денсаулық тіледі. Ал, қалалық мәслихаттың хатшысы Советбек Медебаев өз сөзінде бүгінгі күннің қаһармандарына айналған ардагерлердің көрсеткен ерлігі әрдайым ұрпақ жадында сақталатынын жеткізді.

«Nur Otan» партиясы мүшелерінің атынан Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженова көненің көзіндей болған ата-әжелерге алғыс айтып, немере мен шөбере ортасында әдемі қартаюды тіледі. Ұлықтау кешіне қатысқан қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Айып Байқасынов, Сағындық Қожамсейітов, Мұзараф Аханов та өз тілектерін білдіріп, бүгінгі жас ұрпақ ата-бабалардың көрген қиыншылығын көрмесін деген тілектерін жеткізді.

Жиын мерекелік концертпен жалғасын тапты. Т.Қалмағанбетов атындағы филармония әншілері, қаланың жас өнерпаздары ата-әжелеріне ерекше мереке сыйлады. Олар соғыс жылдарындағы және бүгінгі тәуелсіз елдің ұландары шырқайтын әндерден шашу шашып, дастархан басында жиналған батырларға құрмет көрсетіп, гүл шоқтарын сыйлады.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**

# ОТАН ҮШІН ОТ КЕШКЕН

## *соғыс ардагерлеріне құрмет көрсетті*

**Жыл өткен сайын қатары сиреп бара жатқан Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне қандай сый-құрмет көрсетсе де артық емес. Отанға қауіп төнген тұста қарап қалмай асқан ерліктің үлгісін көрсеткен оларды қастерлеп, олардың алдында бас ию – бүгінгі және келер ұрпақтың парызы. Осы қастерлі борышын жіті түсінген қала басшысы Қайрат Бегімов бастаған топ Жеңіс күні қарсаңында қарт майдангерлердің саулығын сұрай барды. Алғаш болып олар Нина Виноградованың үйін бетке алды.**



– Құрметті Нина Степановна, Сіздей батыр ата-апаларымыз отты жылдары жаудың бетін қайтармағанда біз бүгінгідей бақытты күн кешер ме едік?! Сондықтан, Сіздерге айтар алғысымыз зор. Ұлы Отан соғысында Жеңісті жақындатуға үлес қосқан әрбір жауынгерге біз қарыздармыз, – деп сөзін бастаған Қайрат Баяндыұлы ардагерге ақ тілегін ақтарды. Одан кейін Жезқазған қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасының басшысы, полковник Марат Шакуанов өз құттықтауын жеткізсе, «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженова да Ұлы Отан соғысы ардагеріне деген ілтипатын білдірді.

Құшағы гүлге толып, көрсетілген құрметке дән риза болысқан **Нина Виноградова** естеліктерімен бөлісті.

– Фашистік Германия Кеңес одағына кенеттен шабуылдаған 1941 жылы менің жасым небәрі он сегізде еді. Алайда, жастығыма қарамастан майданға медбибі болып алындым. Алдымен туған жерім Луканскіде жаралы сарбаздардың өмірін арашаласам, кейін Киев, Харковь, Бухарест, Прага, Варшава, Будапешт сынды ірі фронттарда болдым. Осылайша, өмірімнің бес жылы соғыста өтіпті ғой, – деген Нина Степановна майданда батольон командирі Константин Виноградовпен көңілдері жарасып, 1946 жылы шаңырақ көтергенін айтты. 1953 жылы қазақ жерінен пана іздеп келген жас отбасының айы оңынан туып, отағасы ұзақ жылдар бойы мыс қорыту заводына еңбек еткен. Екеуі де соғыста көрсеткен ерліктері үшін «Красная звезда» орденімен марапатталған екен. Одан бөлек қарт медбибінің төсінде медальдің оншақтысы жарқырап тұр. Жағдайының жақсы екенін алға тартқан ардагер бүгінгі ұрпақ оқтың дауысын естімесе деген жалғыз тілегі барын жеткізді.

Былтыр ғана Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күнімен жеті ардагерді құттықтасақ, бүгін олардың төртеуі ғана арамызда. Солардың бірі – **Александр Гусак.** Ол да – Украинаның тумасы. Он сегіз жасында майдан даласына аттанған жауынгер соғыс зардабының ауыр болғанын және әлі күнге дейін бәрі есінде екенін айтты. Прага мен Польшада атқыштар полкінде ерлік көрсеткен жас жауынгер оққа ұшып жараланған екен. Тіпті Волгоград тұсындағы шайқаста жаудың қолына түсіп, біраз қиындықты бастан кешірген. Соғыс аяқталып, АҚШ әскерінің көмегімен тұтқыннан босаған Александр Гусак Қазақстанға қоныстанып, Жезқазған қаласының өркендеуіне үлес қосқан. Оның есімі қаладағы тұрғын-үй мен ғимараттарды көтерген алғашқы құрылысшылармен қатар аталады. Ерлігі үшін «Ұлы Отан соғысы» орденімен марапатталған Александр Гусак та мерекемен құттықтай келгендерге ризашылығын білдірді.

Майдангерлердің ерлігі – үлгі, өмір – өнеге екенін тілге тиек еткен Қайрат Баяндыұлы ардагерлерге азық-түлік себетін табыстап, мемлекет тарапынан 300 мың теңге көлемінде сыйақы аударылғанын жеткізді.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

**Ардагерлерді ардақтауды игі дәстүрге айналдырған «Nur Otan» партиясының «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы Қарағанды филиалы Жеңіс күні қарсаңында «Байқоңыр» мейрамханасында ақ дастарқан жайып, Жезқазған-Сәтбаев қалаларының Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен Чернобыль апатын жоюға қатысқандарды, тыл еңбеккерлері мен ауған соғысының ардагерлеріне, сондай-ақ қорғаныс істер басқармасының қызметкерлеріне құрмет көрсетті.**

# «ҚАЗАҚМЫСТЫҢ» ҚАМҚОРЛЫҒЫ



Ұлы Отан соғысы аяқталып, Жеңістің туы желбірегеніне 74 жыл толуына орайластырылған жиынның алғы сөзін «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС Басқару кеңестің бас директоры Бақтияр Қырықпышев алды. Ол өз құттықтауында Отан үшін жан берісіп, жан алысқан ардагерлердің ерлігі еш ұмытылмайтынын және бүгінгі ұрпақ олардың алдында қарыздар екенін тілге тиек етті. Жиналғандарды құттықтауға ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Арман Қожахметов пен ҚР Парламент Сенатының депутаты Сергей Ершов та асыға жетіпті. Қазіргідей іргесі берік, дамыған Тәуелсіз Қазақстанда өмір сүруіміз жау алдында тайсалмаған ата-бабамыздың арқасы екенін алға тартқан халық қалаулылары сенат спикері Дариға Назарбаеваның сәлемін жеткізді.

Фашистік Германия мен КСРО арасында бес жылға созылған соғыстың жеңіспен аяқталуына қазақ даласы да үлкен үлес қосты. Қазақстан аумағында соғыс әрекеттері болмаса да, біздер Кеңес әскерін керек-жарақтарымен қамтамасыз етуде қарап қалмадық. Сонымен қатар, от пен оқтың ортасына бізден бір миллион екі жүз мың әскер аттанған. Олардың жартысы ғана елге аман оралды. Бүгінде олардың қатары жыл санап емес күн сайын сиреп барады. «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы Қарағанды филиалы ұйымдастырған салтанатқа қос қаладан небәрі екі ардагер ғана қатыса алды. Өзгелерінің денсаулығы сыр берген.

Ақ тілектер ақтарылып, соғыс жылдарындағы әскери-патриоттық әндер шырқалған басқосуда Жезқазған-Сәтбаев қалалары басшыларының орынбасарлары, қалалық мәслихат хатшылары және «Қазақмыс» коропрациясы» ЖШС жанындағы ардагерлер кеңесінің төрағасы Төлеген Бүкіров сөз алды.

Ерлікке тағзым еткен кешті «NurOtan» партиясының «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары, облыстық мәслихаттың депутаты Бауыржан Шыңғысов қорытындылады.

– «Кеңес Одағы» деген үлкен мемлекеттің миллиондаған халқымен бірге, Қазақстан да бұл сұрапыл соғыстағы жеңіске өзінің зор үлесін қосты. Қасиетті де қастерлі Отан үшін жан беріп, жанын пида еткен ерлерді жыл сайын еске алып, олардың рухына тағзым ету – біздің, кейінгі ұрпақтың ең басты парызы. Бұл соғыста біздің азаматтарымыз ерлік пен қаһармандықтың ең жоғары деңгейдегі үлгісін көрсетті. Тек қан майданда ғана емес, таңның атысынан күннің батысына дейін тізе бүкпей тылда жұмыс істеген еңбеккерлерге де бүгінгі ұрпақтың ризашылығы шексіз. Сіздердің көрсеткен ерліктеріңіз, отансүйгіштіктеріңіз, бірліктеріңіз, бауырмалдық және ынтымақтастық қасиеттеріңіз ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын үлкен құндылық,- деген Бауыржан Қабденұлы Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен тыл еңбеккерлерінің алдында басын иді.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# ЕРЛІКТЕРІ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

**«Nur Otan» партиясының «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы Қарағанды филиалы жыл сайын Ұлы Жеңіс күні қарсаңында соғыс және тыл ардагерлеріне құрмет көрсетіп, айтулы мерекемен құттықтайды.**



Сұрапыл соғыс жылдарында оқ пен оттың ортасында жүріп, ел, жерін қорғаған сарбаздарға қандай құрмет көрсетілсе де аздық етеді. Өкініштісі сол бізге бейбіт заманды сыйлаған ардагерлер қатары жыл сайын азайып барады. Олар барда өскелең ұрпақ бүгінгі күннің қандай қиындықпен келгенін ұмытпайды.

«Nur Otan» партиясының «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының біріншi орынбасары Бауыржан Шыңғысов, «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы ардагерлер кеңесінің төрағасы Төлеген Бүкіров, «Жезқазғантүсті металл» ЖШС бас директоры Талғат Шайқыбеков, «КәсіпҚорған» кәсіподақ ұйымының төрағасы Тоғызбай Тәжбенов құрметті ардагерлердің үйінде болып, оларды Ұлы мерекемен құттықтап қайтты. Ең алдымен құттықтаушылар көршілес кеншілер қаласында тұратын Ақбар Аманжоловтың үйінде болды. 1941 жылдың желтоқсан айында қарсақбайлық жігіт Мәскеу түбіндегі халық жасағы құрамында болған. Мәскеу үшін шайқаста Ақбар ақсақал 24-батыс әскері фронтының арнайы барлау батальоны құрамында шайқасқан.

Сәтбаев қаласының тұрғыны, Ұлы Отан соғысы ардагері Тоғай Дауылбаев қан майданға қырық бірдің мамырында небәрі 17 жасында аттанған. Бар болғаны үш сыныптық білім алған балаң жігіт қабырғасы қатпай жатып-ақ колхоздың ауыр жұмысына араласып, үлкендермен бірге егін егіп, шөп шауып, өгіз айдап, соқамен жер жыртып өскен.

Алғашында сегіз айдай дайындықтан өткен соң, бірінші Украина маңындағы 29-атқыштар дивизиясында пулеметшінің көмекшісі болып майдан шебіне кіреді. Оқ пен оттың ортасында үш рет жараланып, аман қалған Тоғай ата бүгінде тоқсанның төріне шығып, отыз шөбере, үш шөпшек сүйіп отыр.

Құттықтаушылар тобы келесі кезекте атбасын жезқазғандық Нина Виноградованың үйіне бұрды. Зұлмат жылдары медбикенің көрсеткен ерлігін білмейтін адам кемде кем шығар. Нина Степановна майданға 1941 жылы II Украина фронтынан бастап араласқан.

Мерекелік құттықтауларды ардагерлер Иван Артеменко, Алексей Миненко және Александр Гусак та қабылдады. Әр ардагердің майдан шебінде атқарған ерлігі жайында кітап жазуға болады. Ғасырға жуық өмір сүрген қарттардың бек бір ғана тілегі бар: «Бейбіт, тыныш заман болсын!».

Алдыңғы буын өкілдеріне құрмет көрсете келген қонақтар ақ тілектерін ақтарып, сый-сияпаттарын тарту етті. «Nur Otan» партиясының «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалы 150 000 теңге, «КәсіпҚорған» кәсіподақ ұйымы 50 000 теңге көлемінде сыйақы және жеміс-жидек пен тәттілерге толы себеп тарту етті.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**

# ҚУАНЫШ СЫЙЛАДЫ

**Ұлы Отан соғысы – адамзат тарихында мәңгі өшпес із қалдырған оқиға. Талай өмірді жалмаған бұл соғыс қаншама отбасын асыраушысынан, бауыр еті баласынан айырды. Ал, қазіргі ортамызда бар ардагерлер сол зұлмат жылдардың куәгерлері. Оларға бүгінгі ұрпақтың құрметі ерекше. Қала басшылығы бастаған топ Жеңіс күні қарсаңында ардагерлердің үйінде болып, оларды мерекемен құттықтап қайтты.**



Қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова, «Nur Otan» партиясының Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженова, Жезқазған қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Хамзат Жаналин, Жезқазған қаласының қорғаныс істері басқармасы басшысының орынбасары Арман Мақажанов ең алдымен Алексей Миненконың үйінде болды. Алексей Михайлович – соғыс жылдарында жаяу әскердің қатарында шайқасқан жауынгер.

Ал, Иван Артеменко болса 17 жасында соғыс даласына ерлік танытып өзі сұранған. Ол Ленинградты азат етуге қатысқан.

Құттықтаушылар ақсақалдарға бүгінгі ашық аспан мен бейбіт заман үшін алғыс айтып, оларға қажымас қайрат, бүгінгі ұрпақтың абыз қариясы болып жүре беруін тіледі. Сонымен қатар, қала әкімінің құттықтау хаты мен сый-сияпаттар салынған себетті тарту етті.

**Сара ТЕМІРҒАЛИ**

ФЕСТИВАЛЬ

# АРДАГЕРЛЕР ӘН САЛҒАНДА...

*(Соңы. Басы 1-бетте.)*



«Әу демейтін қазақ жоқ» демекші, олар жастайынан музыкаға жақын болған. Түрлі топтардың құрамында болып, ән шырқаған жігіттер бүгінде ақсақалды қарияға айналған. Дегенмен, қатарластарынан қалыспай, өнер саласына өз үлестерін қосып келеді. Олар жезқазғандықтарды Жеңіс күнімен және қаланың 65 жылдық мерейтойымен құттықтап, жылы лебіздерін білдірді:

– Жезқазған – Қаныш атамыздың қаласы. Жер байлығымен атақты болған қала өркендеп, жайнай берсін. Ғұмырлы болсын. Жеңіс күнін сыйлаған жауынгер ардагерлерімізге мың алғыс!

Қарқаралы ауданына қарасты Егіндібұлақ селосының намысын қорғап келген «Замандастар» хор ұжымында 25 ата-әже бар. Бұл ансамбльдің құрылғанына биыл 10 жыл толды. Оның мүшесі Жанат Рақымжанова мамандығы бойынша заңгер болып қызмет еткен. Өнерлі отбасыдан шыққан ол да ән салуды жақсы көреді. Адалдықты ту еткен заңгер де құрдастары сияқты бүгінде белсенді ардагерлердің қатарында.

Фестивальді С.Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалы-драма театрының әртістері дайындаған көрінісі ашты. Олар майдан даласында қыршыннан кеткен жас әрі батыл ұшқыш Нұркен Әбдіровтың өмірінің соңғы күндерін сахналады. Кеңес Одағының батыры жалын шарпыған ұшағын жау техникасы шоғырланған тұсқа бағыттап, қаһармандықпен қаза тапқан. Өзінің қатысқан соңғы ұрысы екенін сезгендей ұшаққа отырар алдында ол үйіне хат жазып қалдырған. Осындай қайғылы әрі қайсарлыққа толы сәтті көрсеткен театр әртістерінің қойылымы көрермендерге ерекше әсер қалдырды.

Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова алғаш болып сөз алып, биылғы ардагерлер фестивалі қаланың 65 жылдығы аясында өткенін атап өтті де өнер додасына қатысушыларға сәттілік тіледі. Ұйымдастыру комитетінің төрағасы, Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Еркебұлан Ағымбаев та өз кезегінде ардагерлерге шығармашылық табыс тіледі.

Фестивальдің бағдарламасы бойынша қатысушылар соғыс жылдарындағы және патриоттық әндерді шырқады. Ең алғаш болып Қарағанды қаласының ұлттық шахтерлер хоры өнер көрсетті. Бұл ұжым Нұркен Әбдіровке арналған «Баллада о крыльях» және соғыс жайында «Поклонимся великим тем годам» атты шығармаларды орындады. Үш сағатқа созылған концертте ел аузында жатталып қалған халық әндері, заманауи авторлардың шығармалары да шырқалды. Әндер шеруін он жылдан аса тарихы бар жергілікті «Жезқазған маржандары» ұжымы аяқтады. Олар «Песня о солдате» және «Жезқазған вальсін» нақышына келтіре орындады.

Мерекелік іс-шара марапаттауға ұласты. Фестиваль қатысушыларының барлығына Алғыс хаттар мен облыстық мәдени-сауық және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығының меңгерушісі Қапиза Сәдуақасоваға Ардагерлер ұйымының Құрмет грамотасын табыстады.

Жылдағы дәстүр бойынша «Ардагерлер ән салады» фестивалін өткізу әртүрлі тақырыптарға және облыстың әр қаласында өтеді. 2020 жылы фестивальдің мерейтойы облыс орталығы Қарағанды қаласында өтеді. Жезқазған ардагерлер кеңесінің төрағасы Айып Байқасынов фестиваль эстафетасын Қарағанды қаласының кеншілер сарайы басшысының орынбасары Саят Әбдіғалиге табыстап, сәттілік тіледі.




Жезқазған қаласының 65 жылдығына жасалған арнайы сыйлықтар табыс етілді. Қала әкімінің орынбасары Зина Жұманазарқызы ардагерлер ұйымының облыстық филиалы төрағасы Федор Ермаковке қазақтың дәстүрі бойынша иығына шапан жауып, құрмет көрсетті. Ал, Федор Прокофьевич өз кезегінде фестивальды ұйымдастыруға атсалысқан облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Еркебұлан Ағымбаевқа, қала әкімі Қайрат Бегімовке, қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Салтанат Нұрлыбаеваға,

Өздерінің жастарына қарамастан сахнаға шығып өнерімен, көздің жауын алатын киім үлгісімен ерекшеленіп жүрген «зейнеттегі қыз-жігіттер» көпке үлгі болады. «Қарттарым – асыл қазынам» демекші, ұлттық өнерді дәріптеп жүрген қариялар барда халқымыздың мәдениеті мәңгі жасай бермек.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**
*Суретті түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# ӨМІРБЕК МҰҚАНОВ – 90 ЖАСТА

**Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталуына елде қалған жұмысшылардың еңбегі де себепші болған. Тылда еңбек еткендер қолдарына қару алып жаумен шайқаспаса да күні-түні ауыр жұмыс істеумен болды. Қара жұмысқа ана, әйел, бала, қарттар да жұмылдырылды. Қаламыздың Құрметті азаматы Өмірбек Мұқанов та – сол сұм соғыс жылдарының куәгері.**



Қаламызда ақ халатты абзал жанды танымайтын адам жоқ шығар. Оның медицина саласына сіңірген еңбегі ұшан теңіз. Талай адамның жанын арашалап қалған дәрігердің шәкірттері бүгінде республиканың әр түпкірінде еңбек етуде. Оның балғын балалық шағы қазақ жеріне уытын шашқан ашаршылық жылдарымен тұспа-тұс келді. Одан қалды артынша зұлмат соғыс жылдары қылышын сүйрей келді. Осы жылдары ол небәрі 12 жастағы жасөспірім бола тұра еңбекке ерте араласып, үлкендермен қатар сол ауыртпалықты көтерді. Сол нәубеттерді, талай өлімді көргеннен кейін дәрігер болам деп шешкен екен Өмірбек аға.

Ақсақалды құттықтауға қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова, Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының Жезқазған аймақтық өкілдігінің басшысы Ляззат Ранова, медициналық колледж директоры Меруерт Молдина, қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Хамзат Жаналин арнайы барды. Олар тыл ардагеріне қажымас қайрат тілей отыра, сый-сияпаттарын тарту етті.

Өмірбек Мұқанов биыл 90 жасқа келді. «Көпті көргеннен емес, көпті білгеннен сұра» деген сөз бар халық арасында. Білікті дәрігердің өмірден көргені де, білгені де көп. Оның өмірі жайында кітап жазуға болады. Көпті көрген қария сыйлап келген қонақтарына ақ батасын берді. Ғибратты ғұмыр кешіп келе жатқан ақсақал соңынан ерген ізбасарларына Елбасы жариялаған «Жастар жылында» елдің дамуына айтарлықтай үлес қосып, берілген мол мүмкіндікті пайдаланып, биік шыңдарды бағындыра беріңдер деген тілегін жеткізді. Сонымен қатар, қала басшысы Қайрат Бегімовке естелікке «Қазақтың мақал-мәтелдері» атты кітабына тілегін жазып сыйға берді.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**

# КӨНЕ ТАРИХ ІЗДЕРІ

**Академик Әлкей Марғұлан – қазақ халқының тарихын, материалдық және рухани мәдениетін ғылыми тұрғыда өте терең және кең ауқымда зерттеген ғұлама ғалым. Тарихи ақыл-ой парасаты ерен еңбекқорлығымен ұштасқан ғұлама ғалымның Қазақстан ғылымының көптеген салаларының, атап айтқанда, қола дәуірі мен орта ғасыр археологиясын зерттеудің, қазақ халқының мәдениеті мен өнер тарихының, этнографиясының негізін салушы болуы әбден заңды.**

Жезқазған тарихи-археологиялық музейінде Әлкей Марғұланға байланысты бірнеше құнды жәдігерлер жиналған. Атап айтқанда, ғалымның жеке заттары – шапаны мен желегі, шабаданы мен лупасы, жазу құралдары және құжаттары, экспедиция жұмысы туралы есептер көшірмелері, кітаптары, хаттары сонымен қатар, Әлекеңнің өз қолымен музейге тарту еткен Ұлытау жерінен табылған тас мүсін, тастағы таңба және құлпытас, отыз жылға жуық жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде табылған заттай айғақтар көздің қарашығындай сақталуда.

Академиктің Ұлытау-Жезқазған өңірінде сапарлары туралы естеліктер 1943 жылғы шыққан «За медь» газетінен табылды.

Академик ағамыздың Ұлытау –Жезқазған өңіріне алғашқы сапары 1943 жылы қыркүйек айында Кеңес Одағының Ғылым Академиясының Қазақ филиалы ұйымдастырған 1916 жылғы ұлт–азаттық көтеріліс басшысы А.Иманов туралы материал жинауға шыққан экспедицияның оңтүстік бөлімінің басшысы ретінде басталды. Экспедиция мүшелері Байқоңырда, Қаражар ұрысы болған жер – Талап колхозында, Ұлытауда болып, ұлт-азаттық көтеріліске қатысушылармен кездесіп, осы оқиғаға қатысты өлең-жыр, естеліктер және қару-жарақ үлгілерін жинап қайтты.



Осы сапар барысында Әлкей Марғұлан Ұлытау жерінде алғашқы археологиялық барлау жұмыстарын жүргізіп, Ұлытау тауының ең биігі – Ақмешіт Әулиеде ескі қорған табады. «Ескерткіш жанында бақсылық діни-нанымның белгілері байланған ақтық және ат құйрығының үзіктерінің табылуына қарағанда бұл оба Дешті-Қыпшақ даласына ислам дінінің таралу кезеңінде, яғни б.з. Х ғасырда дүниеге келуі мүмкін» деп жазады Ә.Марғұлан. 1946 жылдан бастап Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының басшысы ретінде ғалымның зерттеу жұмыстары көне мәдени ескерткіштерге бай, бірақ шын мәнінде әлі жете зерттелмеген Орталық Қазақстан тарихымен тікелей байланысты болды.

Бұл өлкедегі кең көлемде жүргізілген алғашқы археологиялық зерттеулер Сарысу өзені бойынан басталды. Құрып кетуге аз-ақ қалған көшпелі және отырықшы мәдениетінің ескерткіштері – ескі қалалардың қираған орындары, қыстақтар сілемі, қорғандар, суару жүйелер, сәулет өнерінің үлгілері Сарысу өзенінің Кеңгір және Жезді сағаларында мол шоғырланған болып шықты.

Ғалымның жүргізген зерттеу жұмыстары кезінде көне суару жүйесі–Қайып тоғанында шығырдың орны мен ұзындығы 4-5 км, тереңдігі 2-2,5 м арық табылды. Бұл арық Дешті-Қыпшақ даласында б.з. XI ғасырдан белгілі болған «қонақ тарыны» егу кезінде қолданылуы мүмкін. Қыпшақтардың жер өңдеу кәсібі туралы XI-XIV ғасырдағы орыс жылнамалары мен араб дереккөздерінде атап көрсетілген. Ежелгі суару жүйелері Кеңгір мен Жезді өзендерінің шұрайлы жерлерінде, Жошы, Келінтам, Аяққамыр мазарлары маңында да анықталды. Аталған экспедиция барысында Ұлытау өңірінде көптеген ескі қала жұртының орындары табылды. Бұл ескерткіштердің сипаттамалары XVIII-XIX ғасыр аралығында орыс зерттеушілердің жазбаларында кездеседі.

1776 жылы капитан Николай Рычков Ұлытауда болып, Сарысу мен Болғанана атты қала орындары туралы жазған. «Өкінішке орай – деп жазады Әлкей Хақанұлы, – Жұбананың орнын іздестіру еш нәтиже бермеді. Бұл жерден тек үш аз ғана бекініс қалдықтары табылды. Біз осы аттас мазарды Кеңгір өзені емес, Сарысу өзенінің орта сағасында, Жезқазған теміржолының № 89 разъезіне жақын жерден кездестірдік. Қала орны атымен жоқ, тек бірнеше суару жүйелерінің орындары мен тас қорғандар табылды».

Ә.Марғұланның 1947 жылғы үшінші сапары кезінде Ұлытау және Арғанаты таулары беткейлерінде көне тас мүсіндер жете зерттелді. «Бес оба», «Үш оба», «Мұртты оба»деп аталатын ескерткіштер Ұлытау өңірінде көптеп кездеседі. Зерттеу кезінде «мұртты обаларда» көмірдің, ағаштың күлдері табылды, яғни бұл орындар «құрбандыққа шалу» ғұрпын жасау үшін қолданылған деп пайымдайды Әлкей Хақанұлы.

Қаракеңгір өзенінің жоғарғы сағасында орналасқан қорғаннан қыш ыдыстар және қарт адамның қисайтыла жерленген бас сүйегі табылды. «Бұл бас сүйектің табылуы сирек кездесетін құбылыс. Атақты археологтар Гейкель мен Бернштамның Талас өзені бойындағы Кеңкөл қорымынан тапқан бас сүйек секілді, бұл жәдігер ғұн заманына сәйкес келуі мүмкін» деп болжам жасайды Ә.Марғұлан.

Археологиялық зерттеу барысында Ұлытау маңынан сол жылы онға жуық тас мүсіндер анықталды. Бұл мүсіндердің төртеуі сұр граниттен, ал қалғандары қызыл құмдауыттан қашап жасалған. Академик Қаныш Сәтбаевтың болжамы бойынша қызғылт құмдауыт Ұлытау тауларында кездеспейді, яғни басқа жақтан әкелінуі мүмкін. Граниттен жасалған мүсіндердің бет-бейнесі анық емес. Керісінше, құмдауыттан жасалған мүсіндер жоғарғы деңгейде жасалған. Демек, ертедегі мүсіншілер тасты қолдану тәсілдерін жетік меңгерген.

Ғалым осы зерттеулерінде Ұлытау-Кеңгір тас мүсіндерінің арасында адамның ғана емес, бүркіт құстың да бейнесі кездетінін айтады. Домбауыл мазары мен Қаракеңгір және Сарыкеңгір өзендерінің құйылған тұсында биіктіктері 60-80 см болатын екі гранит таста бүркіттің табиғи қимылы, көз және тұмсығы шынайы бейнеленген. Жалпы Қазақстанда «бүркіт» тастар сирек кездеседі.Бұл Орталық Қазақстанды мекендеген көшпелі тайпалардың тотемдік сенімінің айғағы болып табылады.

Экспедиция аясында Орталық Қазақстан ескерткіштерінің тарихи маңыздылығын айғақтайтын тас бетіне салынған суреттер – петроглифтер алғаш рет ғылыми айналысқа түсті. Теректі әулие, Байқоңырдың Бұланты өзені бойында, Ұлытау тауларының сілемдерінде, Сарлық өзені мен Ұсабай қыстауларында жартасқа салынған жылқы, екі өркешті түйе, құлан, таутеке, арқар, бұқа бейнелері жеке немесе топтасқан түрде табылды.

Осы жылдары жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының арқасында көне Сарыарқа тарихының көптеген беттері жаңадан жазылды. Бұл беттер ежелгі қазақ жерінің елеулі мәдениет орталығы болғандығын, онда ондаған қалалар орнап, мыңдаған өнер иелерінің өмір сүріп, еңбек еткендігін, олардың адамзат мәдениетіне ұялмай ұсынарлық аса бағалы материалдық және рухани байлықтар жасағанын баяндайды.

Қарқынды зерттеулер Әлкей Марғұланның 1972 жылы Ұлытау-Жезқазған өңіріне соңғы сапары кезінде барынша іске асты. Ұлытаудың Едіге тауының беткейіндегі Амангелді атындағы кеңшардан оңтүстікке қарай 18 км қашықтықта орналасқан Айбас-Дарасы кешенінде қола заманнның төрт қорғаны табылды. Қорғандардан 40-қа жуық қыш ыдыстар, қолдан жасалған бұйымдар, жануарлар сүйектері табылды. Ең құнды жәдігер – салмағы 200 грамм алтын білезік. Бет жағы әшекейленген бұл білезікте алтын құрамы – 86%, күміс – 13% , мыс – 1% .

Айбас- Дарасы кешені Ұлытау даласында қола заманнның соңғы кезеңі-Бегазы-Дәндібай мәдениетінің таралу аймағының батыс шекарасына дәлме-дәл келеді.

Ғұлама ғалымның ауқымды ізденістерінің сәтті нәтижесі Бегазы-Дәндібай мәдениетінің ескерткіштерін зерттеумен байланысты болды. Бұл мәдениет әйгілі андрон және қарасуық мәдениетінен оқшау емес, солармен сабақтас, тағдырлас, сақтар мәдениетінің арасында дәнекерлік роль атқарған мәдениет. Бегазы-Дәндібай іспеттес қола дәуірінің бай мәдени мұрасының Орталық Қазақстаннан табылуының дүниежүзілік ғылымда үлкен маңызы болды. Өйткені осы кезге дейін әлемдік археология өркениетін тек Жерорта теңізі маңынан ғана іздеп, жер шарының басқа құрлықтарының мәдени салауаттары Жерорта теңіздік мәдениетінің қиыр шеті деген түсінік қалыптасты. Ал, Әлкей Марғұлан мыс пен жезге негізделген өркениет кенді аймақтарға шоғырланғанын және бұл аудандар қола мәдениетінің провинциясы емес, кіндігі, орталығы екенін айғақтады. Ғалымның осыған келтірер дәлелдері 1979 жылы баспадан шыққан «Орталық Қазақстанның Бегазы-Дәндібай мәдениеті» атты еңбегінде кеңінен сипатталған. Бұл фундаментальды еңбекте қола дәуірінің этно-мәдени тұтастықтарының даму процестері егжей-тегжейлі талданған. Ұлытау-Жезқазған жерінің Айбас-Дарасы кешенімен қатар Милықұдық, Сорқұдық, Айнакөл, Кресто-Центр, Златоуст, Петро қоныстарында ежелгі кен орындарында жүргізілген археологиялық зерттеу қортындылары осы кітаптан орын алған. Аталған еңбекте Жезқазған кен барлау экспедициясының геология-минералогия музейінде сақталған және Жезқазған тарихи-археологиялық музей қорындағы қола заманның кен өндірісінде қолданылған еңбек құралдары және заттай айғақтардың суреттері көрсетілген.

Геология – минералогия музейінде академик Әлкей Марғұлан 1972 жылы 28 маусымда болған екен. «С большим интерсом осмотрел экспозиции Джезказганского минералогического музея. В результате пришел к выводу, что это один из уникальных музеев нашей страны. В нем собраны самые редчайшие минералы, которых зачастую нет в крупных геологических музеях цивилизованных стран. Музей оставляет огромное впечатление для всех тех, кто любит минералы и историю своей страны. В этом музее я нахожу чистейшую поэзию камня» – деп жүрекжарды пікір қалдырған.

Осы жылы Әлекең алғаш рет Қаныш Сәтбаев атындағы Жезқазған кен-металлургия комбинатының тарихи-өндірістік мұражайында болып, оның алғашқы директоры, белгілі өлкетанушы Сүтемген Бүкіровпен танысады. Жыл өте келе бұл таныстық академиктің өмірінің соңғы уақытына дейін созылған ұзақ шығармашылық байланысқа ұштасты. Облыстық тарихи-өлкетану мұражайының базасын құрған тарихи-өндірістік музейіне ғалым ағамыз Ұлытаудың Арғанаты тауынан табылған «адам» тас мүсінің, құланның бейнесі бар тастағы таңбаны және құлпытасты құнды жәдігер ретінде тарту еткені мәлім.

Әлекеңе байланысты біздің мұражайымызда жинақталған құнды жәдігерлердің бірі – ол кісінің Сүтемген Бүкіровке 1972-1976 жылдары жазған хаттары. Сарғайған хаттар не деп сыр шертеді екен, енді соған үңіліп көрейік. «Жолдас Сүтемген, – деп бастайды алғашқы хатын Әлекең, – сізден сұрайтын бір өтінішім бар. Қазір жазып жатқан кітапқа Жезқазған кенін кіргізу керек еді, бірақ қолда анық мәлімет болмаған соң бөгеліп отырмыз. Ол мәліметтің бәрі Жезқазған минералогиялық музейінде, 1946-1949 жылдары менің тапсыруым бойынша Н.В.Валукинский қазып тапқан археологиялық мәліметтер. Оның көбі Милықұдық, Сорқұдық, Айнакөл түбінен табылған. Солардың ішінен маған керегі: 1. көзе сауыттар, солардың сынығы. Әсіресе, үскі ернеулері өрнектелген сауыттың сынықтары. 2. Мыс, темірден жасалған бұйымдар» деп


2. мая, 1972

Жолдас Сүтемген,

Сізден сұрайтын бір өтініш бар. Қазір жазып жатқан кітапқа Жезқазған кенін кіргізу керек еді, бірақ қолда анық мәлімет болмаған соң бөгеліп отырмыз. Ол мәліметтің барлығы Жезқазған музейінде, 1945-1949 жылдары менің тапсыруым бойынша Н.В. Валукинский қазып тапқан археологиялық мәліметтер. Оның көбі Милы-Кудук, Сор-Кудук, Айна-Көл түбінен табылған. Солардың ішінен маған кері:

1. Көзе сауттар, солардың сынығы, әсіресе үскі ернеулері, өрнектелген сауттың сынықтары.
2. Мыс, темірден, күмістен жасалған өрнекті заттар, аспаб қарулар солардың сынықтары

хат соңына қарай «осыларды, тағы мен білмейтін ғылыми маңызы бар ежелгі заманның аспап-каруларын аз күннің ішінде фотоға түсіріп жіберуіңізді сұраймын» деген жолдар бар.

Бұл үзіндіні келтіру себебіміз, жоғарыда атап өтілген «Бегазы-Дәндібай мәдениеті» атты монографиялық еңбекті жазу үстінде Ә.Марғұлан Сүтемген Бүкіровтен кітапқа қажетті мәліметтерді алып отырған.

Ал, мына бір 1974 жылы 30 қыркүйекте жазған хатында Әлкей Марғұлан Сүтемген Бүкіровтен кішкене мүсін тастың негативін беріп жіберуін өтіне келе, хат соңында былай дейді: «Ұлытаудың Едіге шыңының басында тұрған Едіге обасын қазып көрсек жақсы болар еді. Онда Самарқандағы Темірдің жазулары сияқты көп жазулар жату керек. Әзірше күш-қуат бар кезінде істелсе дұрыс болар еді». Міне, бұл хатта ғұлама ғалым Ұлытаудың әр тасын тұнып тұрған тарих екенін меңзейді, әрі бұл жерлердің әлі де болса зерттеуді қажет ететіндігін баса айтып, болашаққа бағыт-бағдар береді.

Қазіргі таңда зерттеуші мамандар академик Әлкей Марғұланның ғылымға салып кеткен дара жолымен тылсым тарихымыздың жұмбақ сырларын шешуге атсалысуда. Халқымыздың тарихын зерттеуге баға жетпес үлес қосқан Әлкей Хақанұлы Марғұланға қатысы бар деген, ол кісінің қолы тиген әр зат Жезқазған тарихи- археологиялық мұражайында құнды жәдігер ретінде көздің қарашығындай сақталуды, Мұны елін сүйген патриот, халқының біртуар адал ұлдарының бірі Әлкей Марғұланға деген шынайы сүйіспеншіліктің белгісі деп түсіну керек.

***Пайдаланылған әдебиеттер:***

*1.«За медь» газеті, №59,21 тамыз 1943 ж.*

*2.А.Х.Маргулан. «Археологические разведки в бассейне р.Сарысу». Отчет ЦКАЭ 1946. «Вестник АН КазССР» №7,1947 г.*

*3.«Білім және еңбек» журналы, №7, 1967 ж.*

*4.А.Х.Маргулан. «Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана».А.,1979 г*

*5.«Қазақ әдебиеті» газеті.11 мамыр 1984 ж.*

*6.Жезқазған мемлекеттік архиві, №289 қор, 50 іс*

*7.Жезқазған тарихи-археологиялық музейі қоры*

**Шолпан ТӨЛЕГЕНОВА,**
**Ғалия АҚПАНБЕКОВА,**
**Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің бұрынғы қызметкерлері**

КӨКЕЙКЕСТІ

# БОТАНИКАЛЫҚ БАҚТЫҢ КҮЙІ КЕТІП ТҰР

**Жезқазған Ботаникалық бағының тарихы кенді өңірдің қанат жайып, қалыптасу жолымен тікелей байланысты. Қысы суық, жазы ыстық шөлейт аймаққа орналасқан болашақ мысты қаланы көгалдандыру мен жеміс-жидек ағаштарын жерсіндіріп өсіру үшін ғылыми негізделген тәжірибелерге сүйену керек болды. Шалғайдағы өңірде мұндай ғылыми зерттеу құрылымын құру оңайлыққа түскен жоқ. Бұл жобаны жан-жақты талқылап, кеңінен зерделеу барысында жүзеге асқаны анық. Осы орайда бұдан 80 жыл бұрын өмірге келген Ботаникалық бақтың бастауында Үлкен Жезқазғанның авторы, академик Қаныш Сәтбаевтың тұрғанын зор мақтанышпен айтсақ болады.**



Өткен ғасырдың 30-жылдарында Жезқазғанның маңайы Орталық Қазақстанның игерілмеген шөл даласы болып жататын. Құрғақшылыққа байланысты өсімдік жамылғысы кедей алқаптар сүреңсіз, жұтаң көрінетін. Тек қана өзен сулары жайылған ойпаңдарда жабайы талдың бұталары, жиделер мен ырғайлар ғана кездесетін. Ол уақытта мұндай шөлейт өңірде өзінің азық-түлік базасын жасап, өсімдік өсіру мүмкін емес деп ойлаушылар көп болды. Жезқазғанда ауылшаруашылығы және көгалдандыру базасын құру проблемасын ең алғаш 1934 жылдың қараша айында Қ.И.Сәтбаев көтерген болатын. Сол тұста Мәскеуде КСРО Ғылым академиясы Үлкен Жезқазған ауданының өндірістік күштерін дамытуға арналған ғылыми конференция өткізгенде ол уақытта әлі кеңінен таныла қоймаған талантты геолог Қаныш Имантайұлы өте мазмұнды баяндама жасаған-тын. Сонда кенді өңірді көгалдандырып, жасыл желектендіру мәселесіне де арнайы тоқталуы болашақта ботаникалық бақтың бой көтеруіне негіз болды. Жалпы, бұған дейін Жезқазған кенішінде саябақ жасау қолға алынып, оның алдында Қарсақбайда Г.П. Зуб деген әуесқой бағбан қарағаш, ақтерек, шетен ағаштары мен сары қараған, қарақат бұталарын өсіріп жүретін. Алайда, жеміс ағаштарын жерсіндіріп, бау-бақша егуді қолға алу мүмкін емес тәрізді көрінетін.

Жезқазғанда әлемдегі ірі мыс комбинатының құрылысы қолға алынуына байланысты КСРО Ғылым академиясы кәсіпорын аймағындағы алқаптарды ауылшаруашылығы мақсатында игеру жайын зерттеу үшін 1936 жылы арнайы экспедиция ұйымдастырады. Профессор Е.М.Лавриенконың басшылығымен іске кіріскен ботаникалық жасақтың құрамында өңірдегі жер жағдайын, флорасын, топырақ құрамын зерттейтін білікті мамандар болған еді. Солардың 1938 жылға дейін жан-жақты еңбектенуінің арқасында Үлкен Жезқазған ауданының топырақтық-суландыру жағдайы, сортаңдану мөлшері, не керек, табиғи өсімдіктер әлеміне қатысты түйткілдердің барлығы мұқият зерттелген еді. Осы жұмыстардың негізінде 1939 жылы тәжірибелік жер телімі түбегейлі таңдалып, кейбір көкөніс, бақша және азықтық дақылдарды, сол сияқты ағаштар мен бұталарды өсіруді сынақтан өткізудің алғашқы тәжірибесі басталған болатын. Тәжірибе алаңы осыдан бір жылдан соң КСРО Ғылым академиясы Қазақстан филиалының Жезқазған тәжірибелік станциясы деп аталды. Тәжірибелік станцияда сәндік өсімдіктер мен жеміс ағаштарын өсіру қолға алына бастады. Алматы ботаникалық бағының қызметкері П.С.Чабан 1940 жылдың көктемінде көптеген ағаш-бұта өсімдіктерін жеткізеді. Күз кезінде Қарағанды тәжірибелік бағының Долинка және Ақмола питомниктерінен көшеттер әкелініп, құрылысы қызып жатқан Үлкен Жезқазғанның орталығындағы 7 гектар аумаққа демалыс паркін салу қолға алынды. Қаныш Сәтбаев жасыл желекті парк болуын қуана құптап, «бұл аса қажетті жақсы бастама» деп айтқан екен. Болашақ қаланы көгалдандыру істері осылай қарқын алып, тәжірибелік бақ пен парктердің қанат жаюына Ө.Оспанов, А.Ғаббасов, И.Фортунатов, П.Чабан, Я.Дубовик тәрізді осы саланың білгір ғалымдары белсене атсалысыпты.

Өңірдің өз азық-түлік және жемазық базасын құру жөнінде де маңызды жұмыстар атқарыла бастайды. Мәселен, 1939 жылдың күзінде сұр жусан көмкерген қуаң даланы жыртып еккен алқапта картоп пен томат, қарбыз бен қауын мол өнім беріп, бау-бақша шаруашылығымен айналысудың мүмкіндігін көрсеткен еді. Соғыс қарсаңындағы және одан кейінгі жылдарда ҚазКСР ҒА-ның болашақ корреспондент-мүшесі А.Ғаббасов қырқаларда суарылмайтын өсімдіктер өсіру жөнінде көптеген эксперименттер жасайды. Агротехникалық шаралар дұрыс жүргізілсе мал азығы үшін бидайық, шайыр сияқты жабайы өсімдіктермен қатар мәдени дақылдар өсіруге болатынын дәлелдейді. Жасыл желек пен жеміс ағаштарын жерсіндіруде 1940-1944 жылдарда Жезқазған тәжірибелік станциясының дендрология бөлімінің меңгерушісі болған Игорь Фортунатов өлшеусіз үлес қосса керек. Сәндік ағаштармен қатар ол көптеген алма түрлері мен жеміс ағаштарын өсіруді негіздейді. Қанекең бұл биолог ғалымның еңбегін жоғары бағалап, өзіне ұстаз тұтқан көрінеді.

Өсімдіктерді жерсіндірудің келесі кезеңінде қатаң климат жағдайына бейімделген жеміс-жидек түрлерін өсіру бағыты қолға алынады. Мысалы, 1947-1950 жылдары В.Григорьев пен Ғ.Оспанов Долинка питомнигінен әкелінген алма сортын Жезқазғанның өткір желді, қатаң климатына бейімдеу сынағымен айналысады. Жергілікті жерге қолайлы түрін қалыптастырып, өсіруді жолға қояды. Өсімдіктердің жергілікті өңірге қолайлы ассортименттерін тауып, өсіру әдістерін ғылыми жолмен негіздей білген тәжірибелік станция кейін Ботаникалық баққа айналды. Мұнда жүргізілген ғылыми-зертеу жұмыстарының нәтижесінде ірі Кеңгір кеңшарын ұйымдастыруға, Жезқазған кен-металлургия комбинатының көгалдандыру цехын құруға негіз қаланды. Саяжай телімдері мен үй жанындағы бау-бақша шаруашылықтары дамыды. Осыған орай, 1954-1956 жылдары көгалдандыру мен өсімдік шаруашылығындағы негізгі міндеттердің өз шешімін табуына байланысты ғылыми-зерттеу станциясындағы жұмыс тоқтатылады. Қаныш Сәтбаев араласпағанда мүмкін бұдан кейін Жезқазған ботаникалық бағы болмауы да мүмкін еді. Алайда, көреген ғалым болашақта өңірдің дамып, өсетінін алға тартып, оның жасыл желегі мен өсімдіктерін зерттеу жұмыстарын жалғастырудың қажеттілігін дәлелдейді. Сөйтіп, Қаныш Имантайұлының ұсынысымен 1957 жылы бұрынғы ғылыми-зерттеу базасында ҒА Ботаника институтының бөлімі ұйымдастырылды. Кейіннен, 1966 жылы ол Жезқазған ботаникалық бағы ретінде қайта құрылып, ҚазКСР ҒА-ның Орталық ботаникалық бағына бағыныста болды. Ғылыми-зерттеу жұмыстары одан әрі жалғасып, қалаларды, ауылдарды және өнеркәсіп нысандарын көгалдандыруға қатысты нақты істер атқарып отырды. Ботаникалық бақтың басына бақ қонып, дүрілдеп тұрған 1961-1965 жылдарда питомниктен 70 мың көшет, 900 түрлі сәндік-гүл өсімдіктері, 250-ден аса түрлі дәрілік өсімдіктер сұраныс берген шаруашылықтарға жөнелтіліп тұрған екен. Ботаникалық зерттеу нәтижесі бойынша көптеген мамандар ғылыми атақтарын қорғайды.

Ал, енді тарихы терең бақтың қазіргі жағдайы қандай? Ашығын айтар болсақ, Жезқазғанмен бірге қалыптасып, өркен жайған Ботаникалық бақтың бүгінде басынан бағы тайып, күйі кетіп тұр. Нарықтың келуімен көптеген ғылыми-зерттеу құрылымдары шатқаяқтап қалғаны белгілі. Еліміздегі Бас ботаника бағы мен Ботаника институты 1995 жылы біріктіріліп, Ботаника және фитоинтродукция институты болғанда Жезқазған ботаникалық бағы оның құрамындағы бөлім ретінде болғантын. Үкіметтің кейінгі қайта ұйымдастыру жөніндегі қаулыларымен Білім және ғылым министрлігіне қарасты «Ботаника және фитоинтродукция институты» республикалық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорны құрылғаннан бері Жезқазған ботаникалық бағы оның филиалы болып қалды. Алайда, өңірдегі филиалдың жағдайын реттеп, жоғарыдан қамқорлық жасау жөніндегі жұмыс байқалмайды. Қаланың 65 жылдығы қарсаңында біз Ботаникалық бақка арнайы барып, бүгінгі жағдайын көргенде осыған көз жеткіздік. Қала шетіне орналасқан 80 жылдық тарихы бар мекемені 2013 жылдан бері биология ғылымдарының кандидаты Жанғозы Нашенов басқарып келеді.



– Қазірде 62 гектар бақтың 20 гектарына күтім жасап отырмыз. Ғылыми тәжірибе негізінде өсірілген әртүрлі жеміс ағаштарын, арша, қарағай сияқты қылқан жапырақтылар мен көгалдандыратын ағаштарды, гүлдерді, дәрілік өсімдіктерді сақтап, әрі қарай өсірумен айналысудамыз. Бірақ, мүмкіндігіміз шектеулі, күшіміз аз. Барлығы 4 ғылыми қызметкер, 6 қатардағы еңбеккер ғана бар. Республикалық мекеменің филиалы болғандықтан дербес іс-қимылға бара алмаймыз. Қаржы Алматы маңындағы ботаникалық баққа беріледі де бізге онша мән берілмейді. Бұрынғы мамандардың жасы келіп, құрметті демалысқа кеткен соң ғылыми мамандардың жетіспеушілігі қатты сезілуде. Мәселен, Орталық Қазақстанда гидрогеолог жоқ. Қызметкерлердің жалақысы төмен, жұмысқа қызығушылар да табыла бермейді. Ботаникалық бақ республикалық маңызы бар – ерекше қорғалатын табиғи аумақ болып саналады. Солай бола тұра, мемлекет тарапынан қаржыландыру өте нашар. Қазір қолда барды сақтап қалудың өзі үлкен қиындыққа түсуде, – дейді директор.

Аралап көрдік. Ботаникалық бақтың іші жүдеу тартып тұр. Көктем кештетіп шыққанымен бұл өңірде жаңбыр тапшы. Ағаштар мен өсімдіктерді суаратын кезі келді. Кеңгірдің қалдық су жиналатын арнасы бақтың тура түбінде. Бірақ, су мол емес, тапшы. Биыл су қоймасының кемері толмағандықтан бұларға қарай ағызатын артық су қоры да болған жоқ. Содан ба екен, қазірдің өзінде судың истеніп кеткені байқалады. Іргесінде кен қалдықтарының қоймасы тау-тау болып тіреліп тұр. Желді күні қалың тозаң бұрқырайды. Су таза емес, өсімдік суаруға обал-ақ.

– Шілденің соңында осы судың өзі түгесіліп, түбі көрініп қалады, – дейді директор Жанғозы Болатұлы біздің бұл ойымызды сезгендей.

«Көктемнің күні – жылға азық» демекші, бақтың аумағында қыбырлаған жан бірен-саран, қайнаған еңбек көрінбейді. Кешегі кеңес заманында жүзден аса адам еңбек еткен мекемеде онға жетпейтін еңбеккердің қалуы Ботаникалық бақтың болашағының бұлдыр екенін аңғартқандай. Табиғи өсімдіктер дүниесін зерттеуден бұрын, қолдағы бардан айрылып қалмаудың жолын табу керек сияқты. Мұнда сонау 40-шы жылы бой көтерген бақтар бар, өсімдіктердің сирек түрлерінің тәжірибе алаңдары әзірше сақталған. Шағын жылыжайда бөлмеге арналған гүлдер өсіріледі. Жоғарыға жаутаңдап отырған шағын ұжымның қолынан көп нәрсе келмейтіні көрініп тұр.

Бабы болмай, күйі қашып тұрған баққа жанды көмек керек. Көмек қолын кім созады? Облыс пен қала басшылығы республикалық мекеменің филиалында неміз бар деуі де мүмкін. Ең бастысы, ғұлама ғалым Сәтбаев негізін салған, Жезқазған өңірін жасыл желекке бөлеген бірегей бақтан айрылып қалмасақ жарады.

**Амандық РАХҰЛЫ**

***Суреттерде:***
*директор Ж.Нашенов пен ғылыми қызметкер Т.Сиротина жеміс ағаштарын бақылауда;*
*Ботаникалық бақтың жылыжайы.*
**Суреттерді түсірген автор.**

# ОРАЗА ТУРАЛЫ ӨЗГЕШЕ ТҰЖЫРЫМ

**Рамазанда мұсылмандар отыз күн ауыз бекітіп, таңнан қара кешке дейін аш жүреді. Осыған орай ораза ұстауға үгіттеген және оның шарапаты мен сауабы туралы уағыз-насихат көбейеді. Бірақ, осы жерде бір мәселе бар.**

Смартфон ұстаған қазақ жұрты қазір әлем халқымен араласып, алуан түрлі дін мен мәдениетті таныған сайын, Исламның ауыр шарттарын басқаша пайымдайтын болды. Оразаға қатысты көзқарасы да өзгерген. Ғылымға сүңгіген жастар алдыңғы ағалары сияқты бұл құлшылыққа құлшынып тұрмайды. Көбі оны керексіз деп біледі. Олорды әбден түсінем. Себебі Виктор Франкл айтқан «МОРАЛДЫҚ ТАНЫМ» ескірді. Нақты ғылымнан нәр алып, құбылыстың түпкі нәтижесін ұғынып, әр нәрсенің соңғы шешімін ғылыммен түйіп үйренген сауатты жастар «ораза ұстасаң күнәң жойылады», «ораза ұстасаң пейішке кіресің. Хор қыздарын құшасың», «ауыз бекітпесең Раббымыз сені отқа қақтайды» деген сияқты жұпыны уағызды қабылдай алмайды. Мұндай уағыз олардың жүйкесін жұқартып, мазасын қашыруы мүмкін. Уағыз айтып жынына тие берсең, өзіңмен қосып дініңді де жеті қырдан асырып боқтап тастауы бек мүмкін. Сондықтан ораза туралы басқаша ойтолғап көру керек. Логотерапияға сүйеніп, сұрақты былай қояық: Отыз күн аш жүрудің хикметі не? Ұлық Алла аштықты не үшін парыз етіп жүктеді? Аштық ұстап, күні бойы қалжырап жүрудің жеке басқа қоғамға не пайдасы бар? Тәңірі тағаланың осы әмірін бұлжытпай орындасақ расымен де санада оң өзгеріс бола ма? Пайғамбар неліктен оразаның шарапаты туралы хадистерді көп айтқан?

Логотерапия бүй дейді. Адам – РУХАНИ БОЛМЫС. Түптің түбінде кісінің тағдырыиы өмір сахнасында осы табиғаты анықтайды. Яғни Рухани Болмыс қаншалықты қайрат көрсетіп айқасады, тағдыры соншалықты хикметпен өріледі. Жаратылысы бойынша құмарлық деген қызыл ит Рухтың бақылауында тұруы тиіс. Рух мақсат-мұратына жету үшін құмарлықты қуат көзі ретінде сәтті қолданған сайын, кісі баласы ақылды тұлғаға айналады. Құмарлықты дінде НӘПСІ дейді. Діни мазмұнда мағынасы тым кең және өте терең. Логотерапия оған академиялық арқылы адамды рақатқа тартатын физиологиялық және психологиялық импульстердің қайнаған қуат көзін айтады. Бұл қуатты импульстерді Рух асқан сергектікпен басқарып, құндылық өндіретін мәдени салаға жегіп отырмаса, көрсоқыр құмарлық пенде шіркінді тақырға отырғызады. Пенде пақыр АДАМ деген абыройлы атының табан астында айрылып қалады. Адам мен айуан да осы нүктеде ажырайды. Жан-жануарлар инстинкт жетекке алған. Оның үстінен ақылды рух араласып, кірісіп, басқарып тұрмайды. Сондықтан айуанды құмарлығы қалай сүйресе, солай қарай жүре береді. Ол үшін оны ешкім кінәламайды. Адам – құмарлығы тұла бойын қысқан кезде оған «ЖОҚ!» деп айта алатын жалғыз тіршілік иесі. Немесе нәпсіні ақылы шегіне дейін еркіне жіберіп қадағалай алады. (Мысалы, күнделікті ішіп-жемің, некелі жарымен адалымен ойнап-күлуің сауатты жолмен реттеп отыру) Неғұрлым нәпсіні қатаң қадағаласа, соғұрлық тұлғалық идентификациясы абыройлы қалыптасады. Яғни нәпсісін ит сияқты жетекке алған тастай тақуа, қызық пен құмарлыққа жеңілген қалың топтан даралынып тұрады. Ал, жан-жануарлар мұндай әдіспен идентификация жасай алмайсың. Олорды тек асыл тұқымына қарап бағалайсың. Айуанды басқаша бағалау мүмкін емес. Осыған қарап адамда ЕРКІНДІК нығметі барын білеміз. Еркіндік адамға озалдан дарыған қасиет. Оны дінде «адамның басындағы алтын тәжы – ЕРКІНДІГІ» деп әспеттеп жатады. Бірақ, құмарлыққа өз еркімен жеңілген сәтінде адам осы нығметінен табан астында айрылады. Сол кезде пенде байғұс мақау мақұлыққа ұқсап қалады. Шындығында ешкім де «мені құмарлық еркімнен тыс билеп алды» дей алмайды. Құмарлық тұла бойды қоздырып, ақылыңды шырмау үшін әуелі ЕРКІНДІК алаңын кесіп өтуі керек. Болмыстың механизмі солай жасалған. Яғни адам өзі оған «Иә, билеп төстей бер» деп келісім бермейінше құмарлық құтырына қозбайды. Адам өзі «мақұл, жарайды!» деп келіскен сәттен бастап, құмарлық оның тұла бойын қалшылдатып, тамырларын бүлкілдетіп, санасын тұмшалап әкете жөнеледі. Еркіндік пен Құмарлық таразы басында тең тұр. Қай жағы басады, соған сәйкес адамның тұлғалық суреті сызылады. Яғни қаһармандары осыған қарап ұлықтаймыз. Қай тұлға құмарлығын ауыздықтап, еркіндігін елінің бағы үшін тиімді пайдаланса, соның атын тарихқа алтын әріппен жазады. Керісінше еркіндігін қолдан беріп, құмарлығын қандыру үшін қара халықтың қанын ішсе «атың өшсін, атың өшкір» деп өлгенше қарғайды.

Қомағай құмарлық пен тойымсыз нәпсі адамды түрлі шарттарға матап, аяғын тұсап тұрады. Момынның міндеті осы арада айқын. Қалайда осы құрсауды бұзып өтіп, өзектегі өзін ғайыпқа самғатуы керек. Оны ғылымда «трансценденция жасау» дейді. Мағынасы болмыстың даму жолын тәңірлік әлемге қарай бағыттау. Яғни қас тақуа кірпіш тәні мен психологиялық қабатынан босап шығуы керек. Осы күресті тұрақты жүргізген тақуаға ҚАЙСАР РУХ деген термин қолданамыз. Қайсар Рух қана адамда еркіндік барын



әйгілеп тұр. Ол еркін болғандықтан да инстинкт қалауына қарсы тұра алады. Отыз күн ораза болмыста бар ЕРКІНДІК нығметін практикада қолданып көруге мүмкіндік береді. Қанша жерден қиналып, неше жерден тілің аузыңа симай қаталап отырсаң да өзіңе өзің қарсы шығып «ЖОҚ» деп отыра бересің. ЖОҚ – деген сайын өзіңді онтологиялық тұрғыда мәңгілік болмыс екеніңді сезінесің. Әр күн біткен сайын жауды жеңген батыр құсап марқайып қаласың. В. Франклдың осы ойларын ораза жайлы мынадай тамаша қиссамен түйіндеуге болады:

Бір күні Мұса Тұр тауында тұрып:

– Иә, Алла, мен ғой сенімен тікелей тілдесіп тұрмын. Саған менен де жақын келетін құлдарың бар ма? – деп сұрады. Алла:

– Әй, Мұса, өзіңді маған жақын тұрмын деп ойлайсың ба? Дәл қазір екеуміздің арамызда жетпіс мың қабат перде бөліп тұр. Сен менің құдіретіммен ғана дауысымды естіп тұрсың. Маған сенен де жақын келетін құлдарым бар, – деп жауап берді. Мұса:

– Олар кімдер? – деді. Ұлық Алла:

– Ақырдың соңында Мұхамбет атты ең соңғы сүйікті пайғамбарым дүниеге келеді. Оның үмбеті ең қиын кезде хақтың жолын ұстанады. Аптап ыстықта отыз күн ораза ұстайды. Ауызашарға жиналғанда, олардың дастарқанында сан түрлі дәмді тағам самсап тұрады. Бірақ олар қаталап, қарны ашса да, күн батпай ауызын ашпайды. Менің разылығымды табу үшін, мол дастарқанға қол созбайды. Сол кезде Менің рахметім мен шарапатым оларға барынша жақындай түседі, – депті. Мұса таң қалып үйіне қайтты.

Расымен де XXI ғасыр мұсылманы шыжыған ыстықта ауыз бекітеді. Кешке ауызашарда дастарқанда жоқ нәрсе жоқ. Сонда да Күн ұясына батқанша өзіңді тежеп, ауыздықпен алысқан асау құсап, өз өзіңмен арпалысып отырасың. Арпалыс артқан сайын өзіңді тәңірлік бір күшке қол жеткізген әулие сияқты сезініп, шабыттанып жүресің.

Дін психологиясында «рационалды діндарлық» деген түсінік бар. Ол не? Ол дінге иманмен емес, таза логикамен жақындау. Көзі ашық кісілер практикалық тұрғыда діннің пайдасын таза ақылмен таразыға тартады. Егер зияны аз, пайдасы мол болса дінді тұтынып, кей шарттарын өмір салтына енгізеді. Енді тақырыпқа осы тараптан түсіп көрелік. Ювал Харaридің «Құдай адам» (Homo Deus) еңбегінде мынадай дерек бар. Тарихта бертінге дейін «тойып тамақ жемеу» деген адамзаттың бас ауруы болды. Алысқа бармай-ақ күні кеше дүние салған әкеміз 1955 жылдардан бастап қана тойып ас ішкенін эмоциямен әңгімелеп отыратын. Әлі де аштық болуы мүмкін деген қауіппен өле-өлгенше нанның қалдығын кептіріп, қапқа жинауды жолға қойып, қатаң бақылап жүрді. Өткен ғасырдың өзінде егінге құрт түсіп, малға жұт келіп, жауын-шашын болмай, қуаңшылық ұрса мал сауып, жер еміп отырған қара халық төрт-бес айда аштықтан тентіреп, жұртын тастап жосып кететін. Ашаршылық адамзатты еріксіз діндар қылатын. Қолайсыз ауа-райынан қорыққан халық Құдайға құрбандық шалудан жалықпайтын. Осыған орай неше түрлі діни ритуалдар шықты. Орта ғасырдағы Еуропа елдерінің жылнамасын оқысаң, олардың да соры осы болғанын білесің. Қуаңшылық жылдары елдің үштен екісі талғажау таппай жер жастанатын. Бірақ, XX ғасырда адамзат осы проблеманы ақыры шешті десе де болады. Технологиялық, экономикалық жаңалықтар мен саяси жүйелер аштықтың алдын алуды жолға қойды. Кей өлкеде қуаңшылық болса да одан шығынсыз шығатын түрлі жолдар табылды. Гуманитарлық көмек деген және бар. Африканың кей өлкесінде әлі да адам аштан өліп жатыр. Бірақ оның негізгі себебі саяси. Тиран басшылардың оңбаған саясатының кесірінен қара халық аштан өледі. Қазір кез келген елде жұмысын жоғалтқан адам тар тұрмысқа түсіп қалуы мүмкін. Бірақ аштан бұратылып өлмейді. Дамыған елдерде жұмыссызды ең төменгі деңгейде құлатпай ұстап тұратын түрлі әлеуметтік жобалар жұмыс істеп тұр. Тіпті дамушы елдің өзінде адамның жаппай аштан өлетін жайы жоқ. Әлбетте аз ауқаттың кесірінен денсаулықта проблема болуы мүмкін. Бірақ оның өзін өткен дәуірдегі сұрапыл жұтпен салыстыруға келмейді. Қазақша айтқанда «Аштан өлгеннің моласы жоқ». Мао Дзе Дун көкеміз кезінде Қытайда «Үлкен Секіріс» деген жобаны қолға алған. Топас жобасы аз жылда құрдымға кетіп, соның кесірінен миллиондаған қытай қынадай қырылған. Соған орай 1974 жылдары жағдай әлі бұдан да жаман болады деп ақырзаманды болжағандар болған. Бірақ тарих дөңгелегі басқаша айналды. Дэн Сяо Пин реформасынан күш алған Қытай аштықтан сытылып кетті. Қазір олар тойынып алды. Енді керісінше тоқтықпен күреседі.

Әңгіменің тоқетері мынау: Біздің ғасырда «тойып ас ішпеу» деген проблеманы «артық тамақтану» деген ауру ығыстырып шығарды. XVIII ғасырда халық жеуге нан таппай аштан қатып жатыр деген хабарды естігенде Мария Антионетте атты Францияның қатын патшасы «жеуге нан таппаса орнына пирог» жесін деген екен. Сол қатынның айтқаны айнымай дәл келді-әй. АҚШ-тың байлары қымбат рестораннан ауқаттанып отырғанда, көшеде қалған жұмыссыздар мен қайыршылары дәмді гамбургер мен пицца жеп жатады. 2014 жылғы есеп бойынша 2,1 миллиард адам ауқатты артығымен жеп ауру тапқан. Осылайша «Ауру астан, дау қарындастанға» қайта айналып келді. Тоя жеудің кесірінен адам ұрпағы тоқсан түрлі кеселге шалдыққан. Ал, тойып ас ішпейтіндердің саны 850 миллионның маңайында. 2030 жылы адам ұрпағының тең жартысы ажалын аштықтан емес, тоқтықтан табады деп болжап отыр. 2010 ашаршылық пен тойып тамақ ішпеудің кесірінен бір миллион адам талқаны таусылып, табытқа түсті. Дәл осы жылы семіздіктен үш миллион мешкей о дүниеге мезгілсіз аттанды.

Қысқасы, ескіде адамзаттың діндарлығына ашаршылық себеп болды десе, енді тоқшылық түрткі болады деуге толық негіз бар. Сондықтан оразаға иманмен келсеңіз де, ғылыммен келсеңіз де, логикамен келсеңіз де пайдасы шаш етектен екені анық. Тағдырға тыстан әсер етіп, келешекті өз бетінше айқындағысы келетін барлық детерминистік себептерге қарсы шағатын Рух қайсарлығын өз бойында өз еркіңмен 30 күн бойы сынап көрудің өзі неге тұрады десеңші! Әуелден адам қамын Алла ойлаған дегендей, Тәңірі тағала оразаны адамзаттың амандығы үшін парыз қылғанына күмән жоқ, әйтеуір. Сондықтан да жазбаны ораза жайлы қиссамен түйіндеген ең дұрысы.

Бірде ұлық Алла дәргейіне есепші періштесін шақырды. Оның құлағы мен көзі жердегі құм мен аспандағы жұлдыздан жүз есе көп еді. Ұлық Алла оған:

– Дереу мұхит пен теңіздегі судың тамшысын санап, есебін алдыма қой, – деді. Періште бөгелмеді. Сол заматта су тамшысын сатыр-сұтыр санап, қисапсыз сан-санақты Алланың алдына жайып салды.

– Жарайсың, – деді Раббысы. – Енді әуелден ақырға дейін келіп-кететін бүкіл ағаш пен өсімдік және гүлдің жапырағын сана, – деді. Періште саспады. Сарт-сұрт еткізіп дәлме-дәл санын сол заматта айтып салды. Тәңірсі оған риза болып:

– Енді Жердегі құмның қиыршығын сана. Қисабы қанша екен? – деді. Періште бұ жолы да қиналмады. Көзді ашып-жұмғанша анық санын сарт еткізді.

– Бәркелді! – деді Тәңірсі. – Енді Рамазанда ауыз бекіткен момынның бір күндік сауабын сана, – деді. Сол кезде сұмдық болды. Жаңа ғана есептен жаңылмай қисапсыз санды шыр айналдырып тұрған құдіретті періште тұтықты да қалды. Сансыз құлақтары қыбырлап, есепсіз көздері жыпылықтап, әбіржіп кетті. Мың-миллиард еріндері жыбырлап, момынның оразадағы бір күндік сасуабына жете алмай зорығып кетті. Ақырында қисабынан жаңылды да сәждеге өзін тастап кеп жіберді. Гүрс етіп құлады да, сәждеден тұрмаған қалпы:

– Уа, Жаратушы Раббым! Бұл іс маған қол емес. Ауыз бекіткен құлыңның бір күндік сауабына жете алмадым. Шатасып кеттім. Оның қисабын өзің білмесең, менің шектеулі қабілетім сарқылды, – деп шынын айтып жылады. Сол кезде ұлық Алла:

– Жарайды, басыңды көтер. Өзіңді артық қинама. Оның саны өзіме ғана мәлім. Сол нығметтеріммен ораза ұстаған момынды өзім жарылқаймын, – деді.

**Санжар КЕРІМБАЙДЫҢ**
**Фейсбуктегі парақшасынан алынды**



***Қуандық ШАМАХАЙҰЛЫ** – Моңғолияда туып өскен, Ұланбатырда Моңғолия мемлекеттік университетінде журналистік жоғары білім алған жазушы. 1983 жылдан бастап әдеби ортаға көркем аударма арқылы келген жазушы кейін ғылыми-зерттеу жұмыспен айналыса жүріп, прозаға бет бұрды. Шығармаларын қазақ және моңғол тілдерінде жазады.*

*1993 жылы Моңғолия Жазушылар одағына мүшелікке өткеннен кейін тарихи Отаны Қазақстанға көшіп келіп қоныстанған. Қазақстандағы еңбек жолын Жезқазған облыстық «Сарыарқа» газетінде арнайы жолдамамен бастаған. Елдегі бірнеше жетекші университеттерде дәріс берді, Астанадағы газет-журналдарда бас редактор болды. Оның қаламынан туған сатиралық шығармалар мен лирикалық әңгімелер қазақ оқырмандарынан қызу қолдау тауып келеді.*

*Жазушы Қ. Шамахайұлы – ҚР мәдениет қайраткері, Ақпарат ісінің үздігі, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты. Сондай-ақ, филология ғылымдарының кандидаты, әдебиеттану ғылымы бойынша қауымдық профессор. Автор әдеби-көркем ой-толғамдарымен қатар қазіргі қазақ қоғамының өзекті мәселелерін көтерген публицистикалық туындыларының таңдаулыларын ғана іріктеп, «Қаламгердің ізі қағазда қалады» деген жинаққа топтастырып, оқырманға ұсынған.*

*Бүгінде ол Астанада «Шабыт» шығармашылық орталығының директоры және Қаржы академиясы журналистика кафедрасының профессоры.*

# БАС МАМАН

*(әңгіме)*

Мемлекеттік қызметке үміткерлер іріктейтін тест тапсырып едім. Сәті түсіп бұл жолы өтіп кетіппін. Бұрын бірнеше рет тапсырғанда ылғи жалғыз ғана қате жіберіп алып, өтпей қала беретінмін. Сөйтіп жүргенде енді міне, жолым болды. Комиссиямен бетпе-бет сұхбат кезінде де тосылмадым. Бәрі сәтімен өтті. Бірақ, мені министрлікке дереу қабылдай қоймады. Алдымен, қаладағы бір бюджеттік шағын мекемеге жіберді. Сол жерде кемінде үш жыл қызмет етуім керек екен. Содан кейін барып министрлікке ауыстыратын көрінеді. Оған да шүкіршілік еттім.

Бас маман деген қызметке кірiскелі де жарты жылдай уақыт өтті. Жұмысқа таңертең уақытында келіп, кешкі сағат алтыдан кейін шықсаң болды. Мекеменің басшысы тікелей шақыра бермейді. Орынбасарға тапсырма береді, оны бөлім бастығы маған жүктейді. Мен жасаған істі бөлім бастығы тексеріп орынбасарға ұсынады. Орынбасар мекеме басшысына таныстырады. Кейде алып-қосатын немесе түзейтін жерлері болса, басшы сызып, парақтың шетіне жазып орынбасарға кері қайтарады. Сатылай ылдилап маған жетеді. Мен нұсқау бойынша дереу түзетіп қайта жолдаймын.

Бір тәуірі, жазып жолдаған қағаздарым кері қайтуы некен-саяқ. Көбінесе, үлкен басшының қол қойылуымен жоғары жаққа жөнелтіліп жатады. Есеп-қисап, баяндама дейсің бе, жоғары-төменнен келген ресми сауалдарға жауап, ұсыныс хаттар дейсің бе, жазып-сызатын дүниелер көп. Бәрі менің қолыммен жасалып барып, ары қарай кетеді. Сондықтан да, шын мәнінде, бұл мекеменің қозғаушы күші мен десем де артық кетпейтін шығармын.

Қызмет бабында мақтау да, сөгіс те бола береді ғой. Соның өзінде мекеме басшысы менімен тікелей қатынас жасамайды. Алғаш жұмысқа аларда бөлім бастығы, орынбасар және кадр қызметінің меңгерушісі бар бәрімізді бірге отырғызып қабылдаған. Маған жаңа қызметте табыс тілеп, қолымды алғаны бар. Содан бері ол кісімен бетпе-бет кездескен емеспін. Апталық, айлық жиналыстарда төрде отырғанын көріп қаламын. Ол кісі жұмыс барысын қорытындылап, ресми түрде ортақ мәселелерді айтып, нұсқау береді. Қалған уақытта күнделікті қым-қуат шаруалар бөлім бастығы арқылы үйлестіріледі.

Мен тұрмақ бөлім бастығының өзі мекемедегі үлкен басшының алдына бара бермейді. Тікелей қабылдауында болатын санаулы адам орынбасар, бас бухгалтер, заңгер, кеңесші ғана. Мен жұмысты сапалы атқарсам, алдымен, мекеме басшысынан алғыс алатын адам сол орынбасар. Ал, ол өз кезегінде, бөлім бастығын шақырып алып, мақтайды. Ең соңында, бөлім бастығы маған рақмет айтады. Сөгіс те дәл солай.

Алайда, мен сөгіс алатындай ешбір қателік жіберген емеспін. Керісінше, мадақты көп естимін. Содан да шығар, бөлім бастығы мені өте жақсы көреді. Бұрын менің орнымда болған бас маманның кезінде бөлім бастығым мен орынбасар екеуі сөгістен көз ашпаған екен. Әр жиналыс сайын екеуін мекеме басшысы орындарынан тұрғызып қойып, быт-шыт қып ұрсады екен. Мен келгеннен бері көздері ашылып, ылғи мақтау естіп, еңселері көтеріліп қалыпты. Бұл туралы маған көрші бөлімнің бас маманы әріптесім айтып, арқамнан қағып қойған.

Бұл сөзге біраз марқайып, көңілім көтеріліп қалды. Бірақ, әкемнің «мақтағанға марқайма, даттағанға мұңайма» деген өсиеті еске түскенде сабама түстім. Өзіме жүктелген міндетті барынша мінсіз атқаруға бар күшімді салдым. Ұжымдағы барлық әріптестер сыйлайтын болды. Сол ортаға әбден сіңіп, үйреніп те кеткен едім.

Мекемедегі барлық қызметкер мінездері жайлы, жақсы адамдар болғанымен, солардың ішінде бір ғана жігіттің қылығы маған мүлде ұнамай-ақ қойды. Әлгі неме күні бойы ештеңе бітірмей кеңселерді аралап, босқа жүретін нағыз салбөксе сабаздың өзі. Өзінің қандай шаруамен айналысатынын да білмеймін. Кабинетте бірге отыратындардан сұрасам «атқарушы менеджер» дей ме, бірдеме көрінеді.

Бірақ, ештеңе тындырмайтыны анық көрініп тұрады. Онысымен қоймай айнала-сындағылардың бәрімен тым дөрекі қарым-қатынас жасайтыны тағы бар. Бірде орынбасардың өзі оны көргенде жалпақтап, жік-жапар болып жатқанына куә болып, таңғалып едім.

Бірде түскі үзілісте біздің және көрші бөлімнің жігіттері бар, жай ғана әңгіме-дүкен құрып отырғанбыз. Әлгі атқарушы менеджер кіріп келіп еді. Бәрі қоғадай жапырылып сәлем беріп жатыр. Оның жасы кіші әрі лауазымы да менен жоғары тұлға емес. Бәзбіреулер оған тіпті, көпе-көрінеу жағымпазданып жатқанын қайтерсің. Мен бас изедім де орнымда отыра бердім.

– Осы бөлімде бір төтенше және өкілетті елші пайда болыпты ғой. Мен өзім барып саған сәлем беруім керек пе? – дейді әлгі менеджер.

– Жасың кіші екен, үлкенді сыйлайтын қазақ болсаң, келіп бер, сәлеміңді! – дедім.

– Оһо, мынаның сөзін қара келмей жатып не дейді-ей!

– Сен менен бұрын келіп не тындырғаның бар еді, жігітім?! Мен келгелі сенің осы мекемеде тындырған бірдемеңді көрмеппін.

– Қой-ей! Сен өзі менің кім екенімді білесің бе? – деп, әлгі атқарушы менеджер маған қарай төніп келді.

– Білмейтін несі бар?

– Білсең айта қойшы, мен кіммін?

– Менің байқауымша, сен осы мекемеде текке жүріп айлық алып жүрген масылсың!

Әлгі жігіт не дерін білмей түтігіп кетті. Жұдырығын түйді де, маған қарай тура ұмтылды. Еш сасқан жоқпын, орнымнан тұрып күттім. Егер ол алдымен бір періп қалса, мен де есемді жібермей сыбағасын жақсылап тұрып берейін деген ойда болдым.

Бірақ, жігіттер оны жібермей алдап-сулап, тіпті, жалынып-жалпайып алып шығып кетті. Біреулері оған жағымпазданып, дәмханаға тамақтануға шақырып әлек боп жүр. «Соншама бәрі жік-жапар болатындай бұл кім еді, соншама?» деп іштей жыным келді де қойды.

Жарты сағаттан кейін бөлімнің жігіттері жиналып, жұмысқа кірісіп кеттік. Менімен қатарлас үстелде отыратын әріптесім:

– Онымен бекер жүз шайыстың – деді.

– Өзі бастады ғой. Мені кекетті, тиіспек болды.

– Жарайды, мен жай ғана ескерткенім ғой, оған ештеңе демеу керек, негізі. Өзіңе жаман болады.

– Маған не істей алады. Қолынан келсе, тырыссын. Ондайлардың талайын көргенімін – деп едім, бәрі аяқ астынан бір тас мүсінге тіл бітіп сөйлеп кеткендей немесе сала құлаш мүйізі бар қоян көргендей таңдана қарасты.

– Сен оны шынымен білмейсің бе? – деп, әріптесім қадалып сұрай бергенде, бөлім бастығы кіріп келді де сөзіміз үзіліп қалды.

Бөлім бастығымыз күнделікті шаруамен жүр екен. Берген тапсырмалары бойынша құжаттарды түгендеп алды да шығып кетті. Одан кейін әркім өз шаруаларымен айналысып кеттік те, әңгімеміз сол күйі жалғаспады.

Ертеңінде мекеменің басшысы мені тікелей өзі шақырыпты. Оны қабылдау бөлімінде отыратын хатшы қыз өзі келіп хабарлады. Әдетте мұндай болмайтын. Орынбасар немесе бөлім бастығы арқылы қабылдайтын жөні бар еді. Қорықпасам да, сәл үрей туғандай. Ойлап отырсам, жұмысымның бәрі тап-түйнақтай, мүлт кеткен бір жерім жоқ секілді. Бөлім бастығынан сұрап едім, ол иығын қиқаң еткізді де қойды. Белгілеу дәптерім мен қаламымды алып қабылдау бөлмесіне кірдім.

Үлкен басшыда ешкім болмаса да жиырма минуттай күттіріп барып, енгізді. Қас-қабағына қарасам, мен қорқатындай ештеңе байқалмайды. Қысқаша ғана хал-жағдайымды сұраған соң былай деді:

– Азғана уақытта өзіңді жақсы қырыңнан көрсете білдің. Жұмыс қабілетіңе, біліктілігіңе өз басым көңілім толады. Бүгін таңертең министрлікпен сөйлесіп, келісіп те қойдық. Келесі аптадан бастап, министрлікке барып мамандығың бойынша қызмет ететін боласың. Ұсынысты мен өзім жасадым. Олар сөзімді жерге тастамай келісімдерін берді. Ал, жаңа қызметің құтты болсын! – деп, қолын ұсынды.

– Рақмет сізге! – дегеннен өзге сөз аузыма



түспей қуану мен абыржу қабаттасып, біртүрлі болып қалдым.

– Айтпақшы, ертең яғни, сенбі күні ұлымның үйлену тойы еді. Шақыруды саған өз қолыммен тапсырайын. Ұжымдағылар түгел келетін шығар. Шақыруларды хатшы қыз таратып жүр. Бүгін шаруаларыңды реттеп, бөлім бастығына тапсырып, бухгалтериямен есеп-қисабыңды жаса! Саған бір айлық көлемінде сыйақы тағайындағанмын. Тойға келесің ғой? – дегенде:

– Әлбетте аға! Міндетті түрде! – деп, жауап қайтардым да, тағы алғыс білдірдім.

Басшының орынбасары мен бөлім бастығым мендей мықты қызметкерінен айырылғандарына өкінсе де, министрлікке өрлеп бара жатқаныма қуанатындарын айтып, құттықтап жатыр. Барлық жігіттер аяқ астынан болған бұл жағдайға таңырқап та, тосырқап та қарап жатты. Өзім де осы ортаға бауыр басып қалыппын.

Ертеңінде кешкісін бастықтың ұлының тойына бардым. Әдеттегідей жұрт қалыңдық пен күйеу жігіттің келуін күтіп тұр екен. Дастарханға жайғаса қоймапты. Ұжымдағы жігіттердің қатарына мен де барып қосылып кеттім. Мекеме басшысының езуі екі құлағына жетердей-ақ мәз-мейрам. Қолын алып, құтты болсын айттым.

– Бәрі дұрыс қой. Шаруаларың түгел реттелді ме? Мен берген телефон нөмірімен байланысып ал да, тура бара бер. Бұйрығың да дүйсенбі күні шығарылады деді ғой. Құжаттарыңды оларға тапсырып қойғанбыз – дейді. Алғыстан өзге не айтамын. Баласының бақытты болуын тіледім.

Асаба жігіт бәрімізді қаз-қатар тұрғызып қойып «Жар-жар» айтуға дайындады. Жас жұбайлар келіп кіргенде, алдымен күйеу жігітке көзім түсті де екі көзім шарасынан шыға жаздап таңданып тұрып қалдым. Қасымдағы әріптесім:

– Қатты таңғалып тұрған секілдісің. Ана жолы сен ештеңе білмеген екенсің ғой – деп, күледі.

– Қайдан білейін. Мұнымыз қызық болды ғой. Сен маған неге айтпағансың?

– Айтып үлгермей қалдым ғой. Бөлім бастығы кіріп келді де сол күйі сөзіміз үзіліп қалды. Бірақ, «бір жаманның бір жақсысы бар» дегендей сен ұттың. Олай болмағанда министрлік қайда, саған? – деген әріптесімнің сөзіне екеуміз де күлісіп алдық.

Әлгі менімен жүз шайысып қалған атқарушы менеджер мекеме басшысының туған ұлы болып шықты. Ұжымда түк бітірмей еркетотай болып жүргендігінің сыры маған енді ғана белгілі болды. Әріптесімнің маған сыбырлап айтуына қарағанда, мекеме басшысы менің бұл жайдан бейхабар екендігімді білмеген. Менің батылдығым мен турашылдығымды ол кісі «мұның сүйенген иесі мықты» деп топшылаған да өзінің былығын әшкерелеп, түбі орнымды тартып алады деп әсіре сақтанған. Ал, менің ешбір «крышам» болмаса да, басшылық менен құтылудың ең оңай жолы министрлікке өрлетіп жіберу деп тапқан. Несі бар, орыстардың «характер – судьба» дегені осы болса керек.

Әлгі бастығымның еркесі, мекеменің масыл менеджерін қасына барып тұрып құттықтадым. «Ер шекіспей бекіспейді» дегенді айтып, ақ ниетіммен бақыт тілеп, екеуіміз құшақтастық. Ыржалақтап мәз болып қалды, сабазың.

Шын мәнінде, жаңа қызметіме даңғыл жол ашып бергені үшін мен де оған өте разы едім. Сол себептен де «бақытты бол, бауырым!» деп, қайта-қайта құшағыма алып, қысып-қысып қойдым.

**Қуандық ШАМАХАЙҰЛЫ**
**2019.**

## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

**Құрметті Гүлсім Мағзұмқызы!**

*Сізді 55 жас туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз!*

*Аспаныңыз ашық, жүзіңіз жарқын, еңбегіңіз бағалы, шаттық-қуанышыңыз мол болсын! Әрдайым осы тыңғылықты да тындырымды қалпыңыздан танбай, табыстан табысқа жете беріңіз. Сізге денiңiздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс байлығын тілейміз!*

**Ізгі ниетпен: музей ұжымы**



## БІЛІМ және ТӘРБИЕ

# БАЛАБАҚШАДАҒЫ БІРЛІК МЕРЕКЕСІ

**Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі жас ұрпақтың бойына елшілдік сезімін қалыптастыруға бағытталған тәрбиелік іс-шараларымен маңызды. Сондай игі іс-шараның бірі №6 «Балауса» балабақшасында да өтті.**

«Ынтымағы жарасқан – туған өлкем Қазақстан!» мерекелік іс-шара балаларды бірнеше топқа бөліп сайыстыру түрінде ұйымдастырылды. Бұл мерекеде әр топтың балалары қазақ ұлты мен украин, өзбек, татар, әзірбайжан, қытай, орыс, неміс диаспораларының салт-дәстүрлерімен, ойындарымен, әндерімен, билерімен таң қалдырып, өз өнерлерін көрсетті.

Мерекені жүргізген тәрбиеші Айгүл Шубаева және музыка жетекшісі Елена Титованың ұйымдастыруымен әр топ өздерінің өнерлерін жоғары деңгейде көрсетуге тырысты. Мереке соңында балалардың өнерлері бағаланып марапатталды.

**Өз тілшіміз**

# ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ КЕЗДЕСУ



**Адамзат тарихындағы сұм соғыстың аяқталғанына, міне биыл 74 жыл толды. Жеңіс күні – сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ бейбітшілік пен қайырымдылықтың мерекесі. Осы таулы күнді №31 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы өз деңгейінде атап өтті.**

Мерекелік шараға 96 жастағы Ұлы Отан соғысының ардагері Тоғай Дауылбаев арнайы шақырылды. Ересектер тобының бүлдіршіндері соғыс туралы, Жеңіс күніне, батырларымыз Б.Момышұлы, М.Мәметова мен Ә.Молдағұловаға арнаған жыр-шумақтары оқып, үш тілде «Жеңіс күні», «Әрқашан күн сөнбесін», «Ақ көгершін» әндерін шырқап, би биледі. Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы жеңісті жақындатқан жұмысшылардың еңбектері туралы қойылымдар көрсетілді. Ұлы Отан соғысының ардагері Тоғай Дауылбаев балаларға соғыс зұлматы туралы баяндап, сөз соңында бүлдіршіндерге бақытты балалық шақ тілеп, батасын берді.

№31 «Балапан» бөбекжай-балабақшасының басшысы Алма Бейсенбайқызы ардагерге келер ұрпаққа бейтітшілік күн сыйлағанына ұжым атынан ризашылығын білдіріп, алғыс айтты. Бүлдіршіндер гүлшоқтарын табыстады. Шараның жоғары деңгейде өтуіне тәрбиешілер Клара Құрманбаева, Ботагөз Елеуова, Айнұр Қасымова, Еркеназ Тлеубаева, музыка жетекшілері Гүлжан Бегежанова мен Нұрайша Сейдахметова атсалысты.

**Өз тілшіміз**

# БІРЛІГІ ЖАРАСҚАН «ЕРТӨСТІК»



**Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне орай №13 «Ертөстік» балабақшасының ұжымы мен тәрбиеленушілері «Бір шаңырақ астында» атты мерекелік ертеңгілігін өткізді. Мерекелік шара жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын айта өткен жөн.**

Сайыс түрінде өткен ертеңгілікке барлығы бес топ қатысты. Әрбір топ қазақ жерін мекен еткен белгілі бір ұлттың өкілі ретінде өнер көрсетті. Шерумен басталған мереке ән мен биге, салт-дәстүр көрсетуге, сондай-ақ, ұлттық тағамдарын таныстырумен жалғасын тапты.

Ала шапан мен тақия киген «Аққайың» тобының бүлдіршіндері иықтарын қозғалта ырғақты әннің әуеніне төселіп би билесе, украин халқын ұсынған «Раушан» тобы сол тілде ән салып, көпті аузына қаратты. Ыстық қанды грузин болған «Бәйшешек» тобының тәрбиешісі Мейрамкүл Бектұрқызы мен ата-ана Эльмира Сапарқызы «Лезгинка» билесе, тәрбиеленушілері дауыстап «Гамарджоба» деп амандық-саулық сұрасып жатты. Орыс халқының кейпіне енген «Айгөлек» тобы еліміздегі халықтардың достығы мен бірлігін өлеңге арқау етті.

Бауыр еті баласының өнерін тамашалап, балабақша ұжымына деген ризашылығы артқан ата-аналар қауымы да қарап қалмады. Әр ұлттың тағамдарынан ақ дастарқан жайып, бөбекжай директоры Нағима Тағыбергенова бастаған қазылар алқасына таныстырып жатты. Украиндер борщын ұсынса, орыстар нан мен тұзынан ауыз тигізді. «Бәйшешек» тобынан грузиннің хачапуриі мен хинкалисін, лобио мен жуалы нан салмасын кезіктіре алдық. Осылайша, белсенділік танытып, атсалысқан ата-аналар қауымы балабақша ұжымымен орнаған тығыз қарым-қатынастың, түсіністіктің үлгісін тағы бір мәрте паш етті.

Өскелең ұрпаққа өзге ұлттың мәдениеті мен салтын тануға, әрқашан бірлікте болу қажеттігін ұғындырған мерекелік шара жиналғандарға көтеріңкі көңіл-күй мен ұмытылмас әсер қалдырды. Жиынды өз құттықтауымен қорытындылаған балабақша директоры Нағима Қиымбайқызы:

– Бүгін біздің тәрбиеленушілеріміз Тәуелсіз Қазақстандағы 130-ға тарта ұлт пен ұлыстың айрандай ұйып, татулықта өмір сүріп жатқанын тамаша жеткізді. Бірлік, достық және өзара сыйластық болған кезде ғана біздің кеңбайтақ ортақ Отанымыз мол байлық пен бақ-берекеге кенеледі. Осы маңызды құндылықтарды келешек ұрпақтың бойына дарыта білген ата-аналар мен тәрбиешілер қауымына алғыс білдіремін, – деді де ақ тілектерін ақтарды.

**Мейрамкүл ОМАРОВА, №13 «Ертөстік» бөбекжайы «Бәйшешек» тобының тәрбиешісі**

# «ZHEZ JASTAR» ОРТАЛЫҒЫ ЖАҢА МАУСЫМДЫ АШТЫ

**Осыдан үш жыл бұрын Жезқазған қалалық ішкі саясат бөлімі Жастар ресурстық орталығының тапсырысы аясында, «Заман жарғысы» қоғамдық бірлестігінің бастамасымен іске кіріскен «Zhez jastar» орталығы жаңа маусымын Алғашқы құрылысшылар алаңында мерекелік концертпен ашты.**



Қазақстан халқының Бірлігі күні мерекесіне орайластырылған шараға қала тұрғындары көптеп жиналды. Әрі олар қолдарына түрлі-түсті қолшатырын ұстай келген. Өйткені, мерекелік кездесудің тақырыбы «Қолшатыр» деп аталды. Осылайша, Алғашқы құрылысшылар алаңы Елордадағы қолшатырлар аллеясын еске салды.

Жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне септесіп, оларды өнерге баулуды мақсат еткен «Zhez jastar» орталығы бүгінде аталған межені бағындыра білді. Орталықтың келушілері бірінен-бірі өткен өнерлі әрі талантты екенін байқатып жүр. Бірі ерекше дауысымен таң қалдырып жүрсе, енді бірі би билеуден алдына жан салмайды. Өзін кәсіби сахнада актер ретінде сынап көргісі келетіндер үшін орталықта «Алаңым» жастар театры жұмыс жасап тұр. Еске сала кетсек, жастар театры Серке Қожамқұлов театрының кәсіби режиссерлерінің көмегімен «Құстар», «Жаралы гүлдер» сынды спектальдерді сахналап, көрерменнің көңілінен шықты. Тіпті, жас актерлер еліміздің өзге қалаларына гастрольге де барған болатын. Павлодар мен Астана, Шымкент қалаларынан өз көрерменін тапқан жас актерлер жаңа маусымның ашылуында жиналғандарға «Бүркіт» биін ұсынды. Ал,орталықтың әншісі Дамир Кудешов «Биле,биле» әнімен көпшіліктің көңіл-күйін көтеріп, әуезді әннің ырғағына билетті.

«Zhez jastar» орталығының жаңа маусымына сәттілік тілеуге сахнаға көтерілген қалалық жастар ресурстық орталығының директоры Бақытжан Көпбаев:

– Өткен жылдың қазанында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өз Жолдауында 2019 жылды Жастар жылы деп айқындап берді. Бұл Тәуелсіз еліміздің болашағы саналатын сіздерге артқан зор сенім екені сөзсіз. Сондықтан, еліміздің өркендеуі мен гүлденуі біздің қолымызда екенін ұғына отырып, әр салада белсенділік танытуға шақырамын, – деді.

Қолшатырлармен флешмоб билеген қала жұртшылығы «Бақыт менің көзіммен» тақырыбында асфальтта сурет салып, қала жастары ұйымдастырған қайырымдылық жәрмеңкесінің саудасын қыздырды.

Жастар жылына жоспарлағаны мол «Zhez jastar» орталығының жастары алдағы күндері де қала тұрғындарының бос уақытын тиімді әрі әсерлі өткізуіне атсалысуда аянып қалмайтынын жеткізген «Заман жарғысы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Әсем Асанханова жастарды қолдаудан талмайтын қала басшылығына зор алғысын білдіреді.

**Бота ШАЛҚАР**

# ЖЕЗҚАЗҒАНДЫҚ ЖАС ШЕШЕНДЕР

## *Қабден Шыңғысов атындағы кубокты сарапқа салды*

**Қала мектептерінің от ауызды, орақ тілді жас шешендерінен құралған командалар Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері, «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы және №5 жалпы білім беретін орта мектептің негізін қалаған Қабден Шыңғысовтың атындағы кубокты сарапқа салды. «Дебат – 2019» деп аталған пікірталас турнирі дәстүрлі түрде биыл жетінші мәрте ұйымдастырылғанын айта кеткен жөн.**



Жастардың жан-жақты дамуына, қоғам өміріне белсене араласуына, оның ішінде өз көзқарасын дәлелдеуге, пікір жеткізе білуге баулу, ақпаратты талдай білу қабілетін арттыруды мақсат тұтқан турнирдің ашылу салтанатына қала басшысының орынбасары Зина Ақылбекова арнайы келді. Ол білімді жастар еліміздің жарқын болашаққа жетелейтін алып күш екенін тілге тиек етіп, командалар тартысты ойын көрсететініне сенім білдіріп, қатысушыларға сәттілік тіледі. Ұлағатты ұстаздың есімін ұлықтаған қала жұртшылығына Қабден Шыңғысовтың жары Рухия Досмағанбетова ризашылығын білдіріп, өскелең ұрпаққа білім-ілім іздеу жолында талмауға өсиет айтты.

«Бұл палата жастарға әлеуметтік қолдау көрсету бағдарламасын ұсынады» тақырыбында өрбіген пікірсайыс турниріне қатысушылар үлкен дайындықпен келгені байқалды. Олар елімізде жастарды қолдайтын қандай бағдарламалар барын әрі олардың тиімді тұстары мен олқылықтарын тілге тиек етті. Сонымен қатар, әлі де жастарды қолдау аясын кеңейту қажеттігін айып, жастарға көңіл аз бөлінетін салаларды анықтады.

Екі тілде өткен пікірсайыс турнирінің қорытындысы бойынша Дарья Ли орыс тілді «Үздік спикер» атанса, қазақ мектептерінің лигасы бойынша Сымбат Бердібай осы аталымға ие болды. Командалық есепте жүлделі ІІІ орын Қ.Шыңғысов атындағы №5 орта мектептің «Ақ Орда-2» тобына бұйырса, Қ.Сәтбаевтың есімін арқалаған №7 мектеп-лицейінің «Азат» тобы ІІ орынға тұрақтады. Ал, нақты дәлел мен мықты уәж айтқан №8 гимназияның «КазГим» тобы екінші жыл қатарынан үздік атанып, кубокты иеленді. Орыс мектептерінің лигасы арасында – №3 орта мектептің «ДАН» тобы суырылып алға шықты. №26 гимназияның «Триада» тобы жүлделі ІІ орынға, ал №4 орта мектептің «Доминат» тобы ІІІ орынға тұрақтады. Жеңіс тұғырынан көрінген командалар мен үздік атанған спикерлерге бағалы сыйлықтар үлестіліп, грамоталар тапсырылды.

**Бота ШАЛҚАР**

# «ÁLEM STAR» ЖАСТАР ТЕАТРЫ

## *өз көрерменін тауып үлгерді*

**Жастар жылы аясында мысты қалада көптеген игі жұмыстар қолға алынып жатыр. Әсіресе, жастардың жарқын болашағы үшін барлық жағдай жасалуда. Жақында С.Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалы-драма театрында «Alem Star» жастар театрының тұсаукесері өтті.**



«Alem Star» жастары тырнақ алды туынды ретінде француз жазушысы Эрик-Эмманюэль Шмиттің «Тәңірге хат» шығармасын таңдаған. Әдеби шығарманың желісі бойынша, Оскар есімді 10 жасар бала лейкемия дертіне шалдығып, оған жасалған ота сәтсіз аяқталған. Өмір сүруіне небәрі 12 күн қалғанын кішкентай бала дәрігер мен ата-анасының әңгімесінен аяқасты естіп қалады. Бұдан кейін Оскар «тек қана самса сататын Роза тәтемен сөйлесем» деп шарт қояды. Ал, Роза болса балаға ойын ойнауды ұсынады. Ойынның шарты бойынша Оскар әр күнін сипаттап, не істегенін баяндап құдайға хат жазады. Оның әр күні 10 жыл болып есептеледі. Бұған келіскен бала әр күнін естен кетпестей етіп өткізуге тырысады. Бірақ, ол күннен күнге әлсірей береді.

Ауруханада Оскардан басқа қаншама бала бар. Барлығының сырқаттары өте ауыр. Әр қайсысы өзіне ота жасалуын күтіп жүр. Оскар олардың барлығымен достасып, көмектесумен болады. Қатал, түрі суық самса сататын Розаның өзімен тіл табысып, онымен күнде сөйлеседі. Бірақ, сырқат жеңеді. Дәл 12 күннен кейін Оскардың жүрегі тоқтайды. Ол осы аралық ішінде өмірдің әр сәтіне алғыс айтуды үйренеді.

Музыкалық колледж студенттері өте шынайы ойнап шыққан қойылым көрерменнің көзіне жас үйірлтті. Туындыны сахналандырып, көрермен ұсынған театр әртістері – Мируана мен Теміржан Жанботаевтар. Олар студенттермен күні-түні тыңғылықты жұмыс жасаған. Әр кейіпкерді сомдайтын әртісті таңдауға да аз уақыт жұмсалмаған. Болашақ дарындар кәсіби театр әртістерінен кем ойнаған жоқ. Бұны лық толған залдан, көрерменнің алған әсерінен де байқауға болады.

Қойылым аяқталғаннан кейін қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Салтанат Нұрлыбаева мен музыкалық колледж директоры Жұмат Аманбеков премьерамен құттықтап, тұсауы енді кесілген «Alem Star» театрына ақжол тіледі.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**

## СПОРТ

**Отан қорғаушылар күніне орайластырып Жезқазған қаласының мамандандырылған олимпиадалық резервтегі балалар мен жасөспірімдер мектебі эстафеталық жарыс өткізді.**

# ЭСТАФЕТАЛЫҚ ЖАРЫС – КӨҢІЛДІ



Ата-аналар мен балалардың денсаулығы мен белсенділігін арттыра отырып, өзара ынтымақтастықты нығайту мен салауатты өмір салтын насихаттауды мақсат тұтқан додаға барлығы алты команда қатысты. Команда құрамында жас спортшы және оның ата-анасы, сондай-ақ спортқа баулып жүрген бапкер-жаттықтырушысы болды. Айта кету керек, бұндай спорттық жарысты өткізу дәстүрге айналған.

Эстафеталық жарысқа қатысуға мамандандырылған олимпиадалық резервтегі балалар мен жасөспірімдер мектебінің бокс, дзюдо, грек-рим күресі, еркін күрес және самбо, футбол бөлімдері ниет танытқан. Ептілік пен шапшаңдықты, командада жұмыс жасай білу қабілетін сарапқа салған жарыс «Тізгін», «Толқын», «Арба», «Досыңа көмек», «Шаңғы», «Дәліз», «Мықтылар» атты айналымдардан тұрды.

Қазылар алқасының қорытындысы бойынша тартысты әрі көңілді ойын көрсете білген командалардың арасынан 186 ұпай жинаған еркін күрес бөлімінің намысын қорғаған команда жүлдегер атанды. Ал, дзюдо бөлімінің командасы 185 ұпаймен күміс жүлдені қанжығаға байлады. Самбо бөлімінің құрамасы 164 ұпаймен жүлделі ІІІ орынға тұрақтады. Жеңімпаз командалар естелік сыйлық пен грамоталармен марапатталды.

**Бота ШАЛҚАР**

# ИНТЕРАКТИВТІ ЭКСКУРСИЯ ӨТТІ

**Жезқазған тарихи-археологиялық музейінде Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған «Бір халық – бір ел – бір тағдыр» атты интерактивті экскурсия өтті.**



Шараның мақсаты – оқушыларға патриоттық тәрбие беру, сонымен қатар еліне, Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру еді.

Интерактивті экскурсия №1 жалпы орта білім беретін мектебінің 2 «ғ» сыныбының және №8 гимназияның 1 «б» сыныбының оқушылары қатысты.

Экскурсия барысында қаты-сушылар Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған «Елім менің» атты бейнероликті тамашалады. Ел тарихына қатысты қойылған сұрақтарға белсенді түрде жауап берді. Оқушылардың тақырыпқа сай салынған суреттерінен көрме ұйымдастырылды.

Кездесу соңында жиналғандарды бірлік мерекесімен құттықтаған музей басшысы Раушан Қапарова белсенді оқушыларға естелік сыйлықтар табыстады. Сонымен қатар, ұрпақ тәрбиесіне үлес қосып жүрген 2 «ғ» сыныбының сынып жетекшісі Айдана Зауытқалиеваны және 1 «б» сыныбының сынып жетекшісі Гүлшат Жануловaны Алғыс хатпен марапаттады.

**Өз тілшіміз**

*Суреттерді түсірген* **Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**